2
Жас офицерлер қызметтеріне кірісті



9
Өңірде егін ору науқаны қарқын алды



16+

DIDAR

«DIDAR» ГАЗЕТІ
SHYĠYS AQPARAT
ТАУАР МАРКАСЫМЕН ҰСЫНЫЛҒАН

Altainews MEDIA CENTRE

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

1931 жылдың 24 қазанынан шығады №33 (18593) 13 тамыз 2026 жыл WWW.DIDARGAZETI.KZ

10

ХӘКІМ АБАЙҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

15
Алтай аруы Абу-Дабиден алтын әкелді













4
Өскемендіктер әлеуметтік көмірмен қамтылады



#ҰЛТТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОБА

Өскеменде жаңа энергоблоктың құрылысы басталды

Наргиз ЕРКІНБЕКОВА
Махаббат ӘУКЕНОВА

Өскемен жылу электр орталығында жаңа энергоблоктың құрылысына арналған капсула салу рәсімі өтті. Станцияны кеңейту жобасы Шығыс Қазақстандағы ірі энергетикалық жобалардың біріне айналмақ.



Болашақ нысан жылу энергиясының тапшылығын азайтып, өңірдегі тұрғын үй, әлеуметтік және өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамытуға қажетті қосымша қуат қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоба «Қазақстандық коммуналдық жүйелер» компаниялар тобына кіретін «Өскемен ЖЭО» ЖШС тарапынан жүзеге асырылуда.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің айтуынша, жаңа энергоблоктың электр қуаты 100 МВт, ал жылу қуаты 140 Гкал болады. Қазір Өскемен ЖЭО қаладағы жылу және электр энергиясына деген қажеттіліктің шамамен 85 пайызын қамтамасыз етіп отыр.

– Президенттің еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін күшейту жөніндегі тапсырмалары аясында Энергетика министрлігінің жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Бүгін қуаты 100 мегаватт және жылу қуаты 140 Гкал болатын жаңа энергоблоктың құрылысы басталды. Бұл алдағы жылдары қаланың энергетикалық қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жобаны 2029 жылға дейін аяқтау жоспарланған. Инвестиция көлемі шамамен 140 млрд теңгені құрайды, – деді министр.

Жаңа энергоблок құрылысы ұлттық маңызы бар жоба мәртебесіне ие. Оны іске асыру Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен «Өскемен ЖЭО» ЖШС арасындағы инвестициялық келісіммен бекітілген. Жоба Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып, өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың айтуынша, жаңа жоба қаланың жылумен қамту сенімділігін арттырып, оның одан әрі дамуына мүмкіндік береді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, оның сенімділігі мен халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру маңызды міндет екенін бірнеше рет атап өтті. Бүгін біз осы бағытта нақты қадам жасап, Өскемен жылу электр орталығын кеңейту жобасының негізіне капсула салдық. Қаланың және өнеркәсіптің өсуі энергияға деген қажеттілікті арттырып отыр. Сондықтан сенімді энергетикалық инфрақұрылым – қаланың одан әрі дамуының негізі. Жобаны іске асыру нәтижесінде шамамен 500 тұрғын үй мен әлеуметтік нысан жылумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар 50-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, құрылыс кезінде 200-ден астам адам жұмыспен қамтылады, – деді облыс әкімі.

Салтанатты рәсім энергетика саласының ардагері берген батамен басталды. Одан кейін Энергетика министрі мен өңір басшысы болашақ энергоблоктың негізіне капсула салып, құрылыс жұмыстарына ресми түрде старт берді.

Бастаманы қаржыландыруға халықаралық және қаржы институттары тартылған. Негізгі серіктестер қатарында Еуразиялық даму банкі мен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бар.

– Мемлекет пен бизнестің бірлескен жұмысы өңірдің одан әрі дамуына, оның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және ең бастысы, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – деді «Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы Дінмұхамет Идрисов.

Жаңа энергоблокты салу кезінде заманауи технологиялар мен жоғары тиімді жабдықтар қолданылады. Жобада Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік талаптарына сай технологиялық шешімдер қарастырылған. Бұл энергия өндіру тиімділігін арттырып қана қоймай, қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан коммуналдық жүйелері» компаниялар тобы генерациялау қуаттарын және электр желілері инфрақұрылымын жаңғыртуға, заманауи технологияларды енгізуге және жаңа жобаларды жүзеге асыруға тұрақты түрде инвестиция салып келеді. Бұл жұмыс өңірлердің энергиямен тұрақты қамтамасыз етілуіне және олардың ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуына негіз қалыптастырады.

Өскемен ЖЭО-ның тарихы бірнеше онжылдықты қамтиды. Станцияның жобасы 1939 жылы әзірленіп, 1949 жылы қуаты 6,6 МВт болатын алғашқы кезегі пайдалануға берілген.

Бүгінде кәсіпорын дамудың жаңа кезеңіне қадам басып отыр. Қуаты 100 МВт болатын энергоблоктың құрылысы станцияны жаңғыртудағы және Өскеменнің энергетикалық жүйесін нығайтудағы маңызды қадам болмақ.

Жаңа нысан қолжетімді қуатты арттырып қана қоймай, қаланың одан әрі дамуына және тұрғындарды жылумен қамту сенімділігін арттыруға жағдай жасайды.

#МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК

Жас офицерлер шекара шебіндегі қызметтеріне кірісті

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Махаббат ӘУКЕНОВА

Ел шебін күзету сияқты жауапты міндет жүктелген жас шекарашылардың кезекті легі қызметтеріне кірісіп отыр. Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов ҰҚК Шекара қызметінің қатарын толықтырған жас офицерлермен кездесіп, олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапкершілігіне тоқталды.

Шекара қызметі – мемлекет қауіпсіздігі үшін айрықша маңызы бар саланың бірі. Бұл қызметті таңдаған жас офицерлер үшін алғашқы қадам кәсіби білімді, үлкен жауапкершілікті де талап етеді.

Шекарашылар күніне орай ұйымдастырылған кездесуге ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастығы, полковник Бауыржан Садықов, сондай-ақ ҰҚК Шекара академиясын және Ресейдің жоғары әскери оқу орындарын тәмамдап, қызметке енді кіріскен жас лейтенанттар қатысты.

Жиын барысында жас офицерлердің кәсіби жолының басталуы, әскери қызметтің жауапкершілігі және ел алдындағы азаматтық борыш туралы сөз қозғалды. Аймақ басшысы жас мамандарға қызметте табандылық танытып, алған білімдерін ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында тиімді пайдалануды маңызын атап өтті.

– Сіздер қиын, бірақ аса маңызды мамандықты таңдадыңыздар. Ел қауіпсіздігі, азаматтарымыздың тыныштығы және мемлекеттік шекара өздеріңізге сеніп тапсырылды. Сондықтан сабырлық, тәртіп және жауапкершілік аса маңызды. Антқа адалдық – азаматтың парызы. Алған білімдеріңіз бен дайындықтарыңыз өз міндеттеріңізді абыроймен орындауға көмектесетініне сенімдімін, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Жас офицерлер атынан сөз сөйлеген лейтенанттар көрсетілген қолдау үшін алғыс білдіріп, өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқаруға дайын екендерін жеткізді.

– Бүгінгі облыс әкімімен кездесу алдағы қызметіме үлкен серпіліс беріп, жігерлендірді. Облысымыздың, еліміздің шекарасында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, абыроймен қызмет етуге дайынмын, – деді ҰҚК Шекара академиясының түлегі Аслан Төрениязов.



Кездесу соңында жас офицерлерге үндеу табысталып, жас шекарашылар аймақ басшысымен естелік суретке түсті.

#ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Ғасыр жасаған майдангер Макар Харинге құрмет көрсетті

Роксана ГЛЫБОВА, Ержан ӘБІШ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Өскемендік майдангерді ғасырлық мерейтойымен Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов, облыстық ардагерлер кеңесінің өкілдері, әскери қызметшілер, туған-туыстары мен жақындары құттықтады.



Макар Харин 1926 жылғы тамызда Алтай өлкесінің Чарыш ауданындағы Маралиха ауылында дүниеге келген. 1943 жылы 17 жасында Кеңес армиясы қатарына шақырылып, майданға аттанды.

Ол 52-гвардиялық атқыштар дивизиясының 153-гвардиялық атқыштар полкінде минометші болып қызмет атқарды. Ленинград және Балтық майдандарындағы ұрыстарға қатысты. 1944 жылы ауыр жараланып, әскер қатарынан босатылды.

Майданнан оралған соң Макар Родионұлы туған ауылында еңбек етіп, мал шаруашылығымен айналысты. Кейін Шығыс Қазақстан облысындағы құрылыс комбинатында және газ шаруашылығы саласында жұмыс істеді.

Ерлігі мен жанқиярлығы үшін ол II дәрежелі Отан соғысы орденімен және «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

Мерейтой иесін құттықтаған облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов оның өмір жолындағы маңызды кезеңдерге тоқталып, Жеңіске қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

– Өмірі рухтың мықтылығына, батылдық пен адамдық қасиетке шынайы үлгі болатын жандар бар. Сіздер ең ауыр сынақтарды иықтарыңызбен көтеріп, бейбітшілікті қорғадыңыздар, кейінгі ұрпаққа өмір сүруге, еңбек етуге және болашағын құруға мүмкіндік сыйладыңыздар. Ерлігіңізге, табандылығыңызға, бейбіт аспан үшін сізге алғыс айтамын, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Сондай-ақ ардагерге Қорғаныс министрі Дәурен Қосановтың хаты табысталды. Министр өз хатында Макар Родионұлына Жеңіске қосқан үлесі мен көрсеткен ерлігі үшін алғыс білдірген.

Шығыс Қазақстан облысының соғыс және еңбек ардагерлері атынан Макар Харинді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтқазы Шерубаев құттықтады.

– Сіздің ерлігіңіз бен батырлығыңызды ешқашан ұмытпаймыз. Сіздің есіміңіз – біз үшін мақтаныш, – деді Айтқазы Сейітұлы.

Соғыстан кейін Макар Харин отбасын құрды. Жұбайымен бірге төрт бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде қызы Вера мен ұлы ғана бар. Вера Макарқызы ұзақ жылдардан бері әкесіне қамқорлық жасап, қажетті күтімін қамтамасыз етіп келеді.

– Әкемізді ұмытпай, арнайы келіп, осындай айтулы күнмен ғана емес, барлық мерекелермен құттықтап жүргендеріңізге алғыс айтамын. Барша қатысушыларға рақмет. Бәрімізге бейбіт аспан тілеймін, – деді Вера Иванова.

Мерейтой күні ардагердің құрметіне арналып соғыс жылдарындағы әндер шырқалды. Өскемен гарнизонындағы 27943 әскери бөлімінің қызметшілері мен Шығыс Қазақстан техникалық университетінің әскери кафедрасының студенттері ардагерге құрмет көрсетіп, салтанатты саппен жүріп өтті.



#КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Қабырға көтерілмей тұрып, жауапкершілік қаланады

Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
Жәнібек ЫРЫСБАЙ

Құрылысшы еңбегі көп жағдайда дайын болған нысан арқылы бағаланады. Алайда әрбір үйдің артында ұзақ жоспар, нақты есеп және күн сайынғы маңдай тер жатыр.
9 тамыз – Құрылысшылар күні аясында құрылыс алаңындағы мамандардың жұмыс барысына назар аударып, заманауи құрылыс талаптары мен осы саланың жауапкершілігі туралы сөз қозғадық.

Құрылыс алаңы – сырт көзге қарбалас қана көрінетін ерекше әлем. Мұнда әр әрекеттің өз тәртібі, әр кезеңнің өз уақыты бар. Бір жерде мамандар сызбаға үңіліп, жұмыстың келесі бағытын талқылап жатса, енді бір жерде құрылыс материалдарының сапасы тексеріледі. Ауыр техника өз міндетін атқарып, жұмысшылар жоспарланған кезеңдерді біртіндеп жүзеге асырады.

Дайын болған ғимаратқа қарап, көпшілік оның сыртқы келбетіне мән береді. Ал сол нысанның берік, қауіпсіз әрі ұзақ қызмет етуі үшін қаншама маманның еңбегі қажет екенін бәрі бірдей біле бермейді. Осындай жауапты жұмыстың басында жүрген мамандардың бірі – құрылыс учаскесінің басшысы Бекбол Ерсінбекұлы. Оның міндеті тек жұмыстың жүруін бақылау емес. Ол құрылыс сапасына, еңбек қауіпсіздігіне және әр кезеңнің белгіленген талаптарға сай орындалуына жауап береді.

Маманның айтуынша, құрылыс саласында тәжірибе мен жаңа білім қатар жүруі керек. Себебі әрбір жаңа нысан – мамандар үшін жаңа мүмкіндік, жаңа талап.

– Бұған дейін негізінен бетон құю технологиясы арқылы салынатын көпқабатты үйлердің құрылысында жұмыс істедік. Қазіргі таңда кірпіштен тұрғын үй тұрғызып жатырмыз. Бұл біз үшін жаңа тәжірибе. Құрылыс саласында бір орында тоқтап қалуға болмайды. Әр жоба жаңа тәсілдерді үйренуге, кәсіби тұрғыдан дамуға мүмкіндік береді, – дейді нысан басшысы.

Бүгінде құрылыс индустриясы жыл сайын жаңарып келеді. Жаңа материалдар, заманауи әдістер мен сапаны бақылаудың тиімді жолдары енгізілуде. Мұның барлығы ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігі мен ғимараттардың беріктігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрылыс алаңындағы ең басты талаптардың бірі – қауіпсіздік. Себебі бұл салада адамның өмірі мен денсаулығы бірінші орында тұрады.

– Біз үшін ең маңызды нәрсе – жұмысшылардың қауіпсіздігі. Әр қызметкердің талаптарды сақтауын қадағалаймыз. Сонымен қатар атқарылған жұмыстардың сапасына ерекше көңіл бөлеміз. Мердігер ұйымдардың жұмысын тексеріп, кемшіліктердің алдын алуға тырысамыз. Өйткені бүгінгі сапалы еңбек – ертеңгі тұрғындардың қауіпсіздігі, – дейді Бекбол Ерсінбекұлы.

Құрылыс барысын бақылаған кезде мұнда кездейсоқ әрекетке орын жоқ екенін аңғаруға болады. Әр маман өз міндетін атқарады. Бір кезең толық аяқталмайынша, келесі жұмыс басталмайды. Себебі құрылыс – бір адамның емес, бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс істейтін бірнеше маманның ортақ еңбегі.

Бекбол Ерсінбекұлының сөзінше, дайын үйдің артында көрінбейтін үлкен жұмыс жатыр.

– Көпшілік дайын болған баспананы ғана көреді. Бірақ оған дейін қаншама адам еңбек етеді. Бір маманның жұмысы екіншісінің жұмысымен жалғасады. Сондықтан әрбір кірпіштің, әрбір бөлшектің артында үлкен жауапкершілік бар, – дейді ол.



Құрылыс саласына келетін жастар үшін де бұл мамандықтың маңызы ерекше. Себебі құрылысшы болу тек қол еңбегін қажет етпейді. Ол ұқыптылықты, төзімділікті және үнемі ізденуді талап етеді.

– Бұл саладан қорқудың қажеті жоқ. Ең бастысы – еңбекқор болу және жаңа нәрсені үйренуге талпыну. Құрылысшы мамандығын таңдаған адам шыдамды болуы керек. Еңбек еткен адам міндетті түрде өз орнын табады, – дейді бақылаушы.

Құрылысшы еңбегінің нәтижесі бір күнде көрінбейді. Бірақ адамдар тұратын үйлер, білім алатын мектептер, ем алатын медициналық нысандар мен басқа да маңызды ғимараттар осы мамандардың қолымен салынады.

Сондықтан құрылысшы – тек қабырға көтеретін маман емес. Ол елдің болашағына қызмет ететін, әрбір нысан арқылы халыққа жайлы орта қалыптастыратын жауапты кәсіп иесі.

#АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Ерекше күтімді қажет ететін жандардың мәселелері қаралды

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Махаббат ӘУКЕНОВА

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің жеке қабылдауында ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың әлеуметтік жағдайына қатысты мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, баспанамен қамту, оңалту және уақытша орналастыру мүмкіндіктері сөз болды. Сонымен қатар, Зайсан ауданында әлеуметтік және туристік бағыттағы бірқатар бастаманы жүзеге асыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

Бұл мәселелер аймақ басшысы Нұрымбет Сақтағановтың тұрғындармен кезекті жеке қабылдауы барысында қаралды.

Өскемен қаласының тұрғыны Мақпал Әбиева өзіне, анасына және мүгедектігі бар әпкесіне тұрғын үй беру мәселесін көтерді. Жауапты басқарма ұсынған мәліметке сәйкес, өтініш иесінің отбасына бұған дейін бірнеше мәрте тұрғын үй нұсқалары ұсынылған. Атап айтқанда, уақытша тұруға арналған екі бөлмелі үй, ауылдық жерде баспана алу мүмкіндігі және жуырда Өскемен қаласындағы екі бөлмелі пәтер ұсынылған. Алайда барлық жағдайда өтініш беруші тарап түрлі себептермен ұсыныстардан бас тартқан.

– Қандай мүмкіндіктер бар екенін жан-жақты қарастырайық. Мәселені барынша оңтайлы шешуге күш саламыз. Қазір атқарушы органдар тарапынан қосымша ұсыныс әзірленіп жатыр. Оны қалалық әкімдікпен бірлесіп талқылап, екіжақты келісімге келу арқылы түпкілікті шешім қабылдау қажет, – деді Шығыс Қазақстан облысы әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Бұл ретте облыс әкімі тұрғын үй заңнамада белгіленген кезектілік тәртібімен берілетінін атап өтіп, азаматқа қолданыстағы талаптар мен құқықтық рәсімдер бойынша толық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Қабылдауда бұдан бөлек Зайсан ауданының тұрғыны, «Шығыс мейірімі» қоғамдық қорының жетекшісі Мирбану Андырбаева әлеуметтік бағыттағы бастамаларын таныстырды. Ол өңірде тәулік бойы жұмыс істейтін мүгедектігі бар адамдарды оңалту және уақытша орналастыру орталығын ашу идеясын ортаға салды.

Сонымен қатар, қор жетекшісі этноауыл құру, сакралды туризмді дамыту, саумал және қымызбен емдеу бағыттарын жолға қою, сондай-ақ Зайсанда паралимпиадалық және оңалту орталығын салу жөніндегі ұсыныстарын жеткізді. Бірақ, бұл бастамаларды жүзеге асыру үшін инвесторлар қажет. Қор өкілі облыс әкімдігі тарапынан қолдау көрсетуді сұрады.



Ұсыныстарды тыңдаған облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жауапты басқармалар мен Зайсан ауданы әкімдігіне қоғамдық қор ұсынған бастамаларды жан-жақты зерделеп, мемлекеттік қолдау тетіктерін қарастыруды тапсырды. Сонымен қатар, туризм, кәсіпкерлік, дене шынықтыру және спорт салалары бойынша ұсыныстардың тиімділігіне талдау жасап, нақты ұсыныстар енгізу міндеттелді.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істейтіндіктен, қордың қызметі ерекше маңызды. Үкіметтің тапсырмасы аясында мұндай азаматтарға жанжақты қолдау көрсетілуі тиіс. Салаға жауапты басқарма жыл басынан бастап тиісті жұмыстарды жүргізуі керек. Алдағы уақытта да қор өз қызметін кедергісіз атқаруына мүмкіндік туғызу қажет, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Жеке қабылдау қорытындысында көтерілген мәселелер бақылауға алынып, жауапты мемлекеттік органдарға оларды зерделеу және қолданыстағы заңнама аясында шешу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

#БІЛІМ БЕРУ

Мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы пысықталды

Айгүл БАЗАРОВА
редакция мұрағатынан

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың төрағалығымен білім беру ұйымдарын жаңа оқу жылына және алдағы жылыту маусымына дайындау мәселелеріне арналған кеңес өтті.

Жиын барысында жөндеу жұмыстарын жүргізу, инженерлік инфрақұрылымның дайындығы, оқушылар үшін қауіпсіз жағдай жасау, мектептерді оқулықтармен уақтылы қамтамасыз ету талқыланды.

Өңірде 538 білім беру ұйымы жұмыс істейді. Биыл 47 нысанда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде олардың 35-інде жұмыстар толық аяқталды. Қалғандарында жұмыстар бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр және 25 тамызға дейін аяқталуы тиіс.

Өңір басшысы Нұрымбет Сақтағанов білім басқармасына қала және аудан әкімдерімен бірлесіп барлық жөндеу жұмысын сапалы әрі уақтылы аяқтауды, білім беру ұйымдарының жылыту маусымының басталуына толық дайын болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Кеңесте мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесіне де ерекше назар аударылды. Бейінді басқармалар оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді уақтылы сатып алу үшін қажетті шараларды қабылдап, жаңа оқу жылы басталғанға дейін оқушыларды қажетті оқу әдебиеттерімен толық қамтамасыз ету керек.

Нұрымбет Сақтағанов білім ордаларын дайындау жұмыстары жергілікті басшылардың күнделікті бақылауында болуы тиіс екенін атап өтті. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес жоспарланған барлық іс-шаралар белгіленген мерзімде аяқталып, балалардың жаңа оқу жылының алғашқы күнінен бастап қауіпсіз әрі жайлы жағдайда білім алуына жағдай жасалуы қажет.



#МЕМОРАНДУМ

Өскемендіктер әлеуметтік көмірмен қамтылады



Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Алдағы 2026–2027 жылғы жылыту маусымына дайындық аясында Өскемен қаласында тұрғындарды әлеуметтік көмірмен қамтамасыз ету мақсатында меморандум жасалды.

Аталған меморандумға сәйкес, биыл тұрғындарды 30 000 тонна әлеуметтік көмірмен қамтамасыз ету жоспарланған. Әлеуметтік көмірді тасымалдауды «Сейком» ЖШС – Қаражыра тас көмірі кеніші, «Уголь-Достык» ЖШС – Майкүбі көмірі кеніші (сатылым жақын күндері басталады) және «Топливная компания Терминал» ЖШС – Қаражыра тас көмірі кеніші кәсіпорындары жүзеге асырады.

Қазіргі таңдағы коммерциялық көмірдің бағасына келсек, «Сейком» ЖШС – Қаражыра тас көмірі тоннасына – 17 500 теңге, «Топливная компания Терминал» ЖШС – Қаражыра тас көмірі тоннасына – 17 700 теңге көлемінде бекітіліп отыр.

Әлеуметтік көмір коммерциялық бағадан 500 теңгеге арзан сатылатын болады. Әлеуметтік көмірді сатып алуға өтінімдер Аумақтық басқару орталықтарының филиалдары арқылы қабылданады.

– Қысқы жылыту маусымы таяп келеді. Қысқа санаулы ай ғана қалды. Сондықтан көмірді ертерек түсіріп алуға кеңес береміз. Қазір Сол жағалаудағы және Защитадағы бекеттерде сапалы көмір қоры жеткілікті әрі ауа райы да қолайлы болып тұр. Сондықтан әлеуметтік көмірді ертерек тамыз айында түсіріп алыңыздар, – деді облыстық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы Олег Фролов.

Өз кезегінде Өскемен қалалық әкімдігі жеке тұрғын үй иелерін жылыту маусымына қажетті көмір қорын алдын ала сатып алуға шақырады. Көмірді ертерек дайындау маусымдық сұраныстың күрт артуын болдырмауға, кезектің азаюына және қысқы кезеңнен қиындықсыз өтуге мүмкіндік береді.

#ҚАМҚОРЛЫҚҚА ТОЛЫ 25 ЖЫЛ

Өскемен арнаулы әлеуметтік орталығына жаңа автобус тарту етілді

Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
Махаббат ӘУКЕНОВА

Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданындағы Солнечное кентінде орналасқан Өскемен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының құрылғанына биыл 25 жыл. Мерейтойға орай өткен салтанатты іс-шарада мекемеге жаңа шағын автобус табысталып, әлеуметтік сала мамандары марапатталды.

Жылдар жылжып, уақыт өзгергенімен, бұл орталықтың басты құндылығы – адамға деген қамқорлық пен жанашырлық өзгерген жоқ. Бүгінде мұнда 112 тұрғынға әлеуметтік, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетіледі. Әр күнін осы шаңырақта өткізетін жандар үшін орталық жай ғана мекеме емес, өздерін қауіпсіз әрі жайлы сезінетін ортаға айналған.

Мерейтойлық салтанатқа облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты. Аймақ басшысы алдымен орталықтың асханасының, әлеуметтік көмек көрсететін мамандардың жұмысымен, демалыс бөлмелерінің жағдайымен танысып, мекеме аумағындағы естеліктер аллеясын аралады. Мұнда орталықтың қалыптасу тарихы мен ширек ғасырлық даму жолы сыр шертетін материалдар қойылған. Қонақтарға «I LOVE YKG CENTER» арт-нысаны мен орталықтың 25 жылдығына арналған естелік тас та таныстырылды.

Естеліктер аллеясынан басталған мерейтойлық іс-шара орталық тұрғындары мен қызметкерлері үшін ерекше сыйға ұласты. Салтанатты рәсім барысында мекемеге жаңа шағын автобус табысталды. Бұл көліктің тарихы да кездейсоқ емес. Бұған дейін орталықтың жұмысымен танысу барысында мекеме тұрғындары аймақ әкіміне облыс орталығына қатынауды жеңілдететін көлік қажет екенін айтқан. Нұрымбет Сақтағанов ұсынысты қолдап, шағын автобус алып беруге уәде еткен еді. Бүгінде сол өтініштің орындалуы орталықтың мерейтойымен тұспа-тұс келіп, қуанышты күннің мәнін еселей түсті.

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН МЕЙІРІМНІҢ МЕКЕНІ

Мерекелік жиында облыс әкімі орталықтың қалыптасу жолына тоқталып, мұндағы тұрғындар мен қызметкерлердің еңбегін атап өтті.

– Осыдан ширек ғасыр бұрын облыс әкімдігінің шешімімен құрылған бұл орталық талай жанға қамқорлықтың, мейірім мен жанашырлықтың мекеніне айналды. Бүгінде бұл шаңырақ – жүзден астам ардагеріміздің екінші үйі, өмірдің әр сәтінде қолдау мен қамқорлық сезінетін қасиетті орда. Қазіргі таңда орталықта 112 тұрғынға барлық қажетті әлеуметтік, медициналық және тұрмыстық қызмет көрсетіліп келеді. Ең бастысы – мұнда әрбір жанға құрметпен қарап, олардың өмір сүру сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлінеді, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Орталықтың бүгінгі тыныс-тіршілігі осы сөздердің нақты көрінісіндей. Мұнда қызмет алушылардың күнделікті қажетіне жағдай жасаумен қатар, олардың уақытын мазмұнды өткізуіне, шығармашылықпен айналысуына, мәдени шараларға қатысуына мүмкіндік берілген. Ауладағы жасыл желек пен абаттандырылған аумақ та мекеме тұрғындарының жайлы өмір сүруіне деген ұқыпты көзқарасты аңғартады. Аймақ басшысы өз сөзінде осы орталықта еңбек етіп жүрген мамандардың жауапкершілігіне де ерекше тоқталды.

– Осынау игілікті істің басы-қасында жүрген орталық ұжымына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сіздер күн сайын үлкен жүрекпен, асқан жауапкершілікпен еңбек етіп, аға буын өкілдеріне тек қызмет көрсетіп қана қоймай, олардың жан дүниесіне жылулық сыйлап келесіздер. Бұл – үлкен адамгершілікті, төзімділік пен кәсіби біліктілікті талап ететін абыройлы еңбек. Сондай-ақ, осы орталықтың қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан ардагер қызметкерлерге де ерекше алғысымды айтқым келеді. Сіздер негізін қалаған ізгі дәстүр мен жауапкершілік бүгінгі ұжымның еңбегінен айқын көрініс тауып отыр. Ұрпақтар сабақтастығының жарқын үлгісі де – осы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саясаттың басты басымдығы – адамға қамқорлық екенін әрдайым айтып келеді. Осы міндетті жүзеге асыру жолында Шығыс Қазақстан облысында әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыру, аға буынның өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Сіздердің өмір жолдарыңыз – кейінгі ұрпаққа өнеге. Еліміздің өсіп-өркендеуіне қосқан еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығы мен отбасы амандығын тілеймін! – деді облыс әкімі.



ЖАҢА КӨЛІК ЖҮРІСТІ ҰЗАРТТЫ

Көп жылғы еңбектің бағасы да сол күні ескерусіз қалған жоқ. Салтанатты рәсім барысында өз міндетін адал атқарып жүрген әлеуметтік сала мамандарына облыс әкімінің Құрмет грамоталары табысталды. Ал жаңа шағын автобустың кілтін облыс әкімі орталық директоры Жәнібек Қыпышұлына табыстады. Енді жаңа көлік мекеме тұрғындарының облыс орталығына және өзге де қажетті бағыттарға қатынауын жеңілдетпек.

Орталық тұрғындары үшін бұл – жай ғана көлік емес, күнделікті өмірдегі мүмкіндіктерді кеңейтетін маңызды құрал. Қалаға шығу, мәдени іс-шараларға қатысу, қажетті жерлерге еркінірек бару енді бұрынғыдан да қолайлы болмақ.

Мерейтой төрінде орталықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерді алушысы Тұрсын Құсанова сөз сөйлеп, өзіне және өзге тұрғындарға көрсетіліп отырған қамқорлық үшін алғысын жеткізді.

– Осы жердегі өмірімізге ешқандай өкпем жоқ. Бізге барлық жағдай жасалған. Күніне төрт мезгіл ыстық тамақ береді, дәрігерлеріміз бен тәрбиешілеріміз әрдайым жанымыздан табылады. Әлеуметтік қызметкерлер күн сайын халімізді сұрап, көңілімізді көтеріп жүреді. Өзімізді ешқашан жалғыз сезінбейміз. Ауламыздың, айналамыздың қандай әдемі болып кеткенін көрдіңіздер. Тазалық, көркейту жұмыстары – бәрі біздің жайлы өмір сүруіміз үшін жасалып жатыр. Облыс әкімі де арнайы келіп, жағдайымызды өз көзімен көріп, халімізді сұрап тұрады. Демеушілер тұрақты хабарласып, мерекелік концерттер ұйымдастырады. Кітапханамыз бар, түрлі мәдени іс-шаралар өтеді. Қартайған шағымызда мұндай қамқорлықтың өзі үлкен қуаныш. Орталықтың басшысы мен барлық қызметкерлеріне айтар алғысым ерекше. Олар бізге тек қызмет көрсетіп қана қоймайды, әрқайсымызға туғанындай қамқорлық танытады. Әңгімемізді тыңдап, көңілімізді аулап, бар жағдайымызды жасап келеді. Осындағы әрбір игі іс пен көркейген аула – сол кісілердің адал еңбегінің жемісі. Осында егілген жас ағаштардың жайқалып өсіп келе жатқанын көргенде, көңілім марқаяды. Олар ертеңгі ұрпаққа сая болып, осы жердің көркін аша түсетініне бек сенімдімін. Мен барлық қарттардың атынан осындай қамқорлық көрсетіп отырған мемлекетімізге және осы орталықтың барлық қызметкерлеріне шын жүректен ризашылық білдіремін, – деді орталықтың қызмет алушысы Тұрсын Құсанова.

Мерейтойлық шара ұлттық дәстүрлермен де сабақтасты. Ұлттық киімі жарасқан Мейрамгүл Нұрахметова шашу шашып, мерекелік көңіл күйді еселей түсті. Ал орталық тұрғыны Серік Есетов ақ батасын беріп, көпшілікке ізгі тілегін арнады. Салтанатты жиынның шырайын өңірге белгілі өнерпаздардың өнері кіргізді. Дархан Садыбаев пен Болат Амурбаев әйгілі «Ақбұлақ» әнін орындап, жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ал Фархад Исмаиловтың орындауындағы «Мы желаем счастья вам» әні мерекелік кешті әуезді әнмен көмкерді.

ЕҢБЕК ТЕРАПИЯСЫМЕН ДЕ АЙНАЛЫСАДЫ

Айта кетейік, Шығыс Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Өскемен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы Глубокое ауданының Солнечное кентінде 25 жылдан бері ерекше күтімді қажет ететін азаматтарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіп келеді.

Орталықта тұрғындарға қажетті әлеуметтік, медициналық және тұрмыстық көмек көрсетіледі. Сонымен қатар мекеме қызмет алушыларының бос уақытын мазмұнды өткізуіне, мәдени және шығармашылық іс-шараларға қатысуына мүмкіндік беретін орта қалыптасқан.

– Орталығымыз 2001 жылы облыс әкімінің шешімімен құрылған болатын, содан бері өз жұмысын абыроймен атқарып келеді. Осы орталықтың директоры болып тағайындалғаныма екі жарым жылдай уақыт болды. Демеушілер бізге үлкен көмек көрсетуде. Мәселен, биыл жаңа өздеріңіз көргендей, демеушілердің материалдық және қаржылай қолдауының арқасында құны шамамен 2,5 миллион теңгені құрайтын жаңа аллея жасадық. Сондай-ақ қызмет алушыларға эстетикалық ләззат сыйлайтын «Өскемен» арт-нысанын орнаттық. Түнде мұндағы атмосфера тіптен бөлек, келіп көрсеңіздер де болады. Былтыр жаңа жыл қарсаңында облыс әкімі бізге келгенде қызмет алушыларымызға автобус сыйлауға сөз берген еді. Міне, бүгін мереке қарсаңында бізге салтанатты түрде жаңа көліктің кілтін табыстады. Бұл көлік біз үшін өте үлкен көмек. Өйткені, біздегі инватаксиге бар болғаны 5-6 адам ғана сиятын, бұл белгілі бір қиындықтар тудырды. Ал мына жаңа әрі жайлы автобусқа 16-дан аса адам сияды, енді кез келген іс-шараға емін-еркін бара аламыз, – дейді орталық директоры Жәнібек Шаянбаев.

Оның айтуынша, қазіргі таңда 120 орынға арналған мекемеде 112 адам тұрып жатыр. Оның ішінде 72-сі ер адам, 40-ы әйел адам. Сондай-ақ мұнда әлеуметтік-қызметтердің 7 түрі көрсетіледі. Оның ішінде медициналық, әлеуметтік-тұрмыстық, техникалық және басқа да көмек түрлері бар. Қызмет алушылар медициналық мекемелерге, реабилитациялық орталықтарға, демалыс аймақтарына көлікпен тасымалданады.

– Бізде үйірмелер саны 14 болатын, биыл тағы бір түрі — гипспен мүсіндеу өнері қосылып, 15-ке жетті. Біз қызмет алушыларымызды (тұрғындарымызды) еңбек терапиясына да белсенді түрде тартамыз. Олар аумақты тазалауға, жасыл желектерді суаруға көмектеседі. Биыл өздеріңіз көргендей, ағаштар, адам жанына тыныштық сыйлайтын түрлі сәндік өсімдіктер де молынан отырғызылды. Қариялары-мыз таңертең өздері ерте тұрып, еңбек терапиясымен қуана айналысады, – деді орталық директоры Жәнібек Қыпышұлы.

Енді 25 жылдыққа арнайы табысталған жаңа шағын автобус осы мүмкіндіктерді одан әрі кеңейте түспек. Көлік әлеуметтік қызмет алушылардың жол қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, орталықтың материалдық-техникалық базасын нығайтуға да үлес қоспақ.

#РЕФОРМА

Жаңа конституциялық жүйедегі заң шығару билігінің негізгі буыны

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ
Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ

Қазақстанның саяси жүйесінде 2026 жылы болған конституциялық өзгерістер мемлекеттік билік құрылымын жаңа кезеңге шығарды. 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституцияға сәйкес, бұрынғы Сенат пен Мәжілістен тұратын екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай – Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы ретінде айқындалды. Құрылтай заң шығару билігін жүзеге асырып, конституциялық заңдар мен заңдарды қабылдайтын негізгі институтқа айналды.



Жаңа модельдің мәні тек Парламент құрылымының өзгеруімен шектелмейді. Бір палаталы жүйе заң шығару үдерісін оңтайландыруға, заң жобаларын қарау мен шешім қабылдау тетіктерін ықшамдауға бағытталған. Сонымен қатар жаңа конституциялық жүйеде Құрылтайдың өкілдік сипаты күшейтіліп, қоғамның түрлі топтарының мүддесін заң шығару үдерісінде танытуға жаңа мүмкіндік қалыптасты.

Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры Сәуле Рахметуллинаның пікірінше, Құрылтайдың құрылуы – Қазақстанның мемлекеттік-саяси жүйесіндегі институционалдық жаңарудың маңызды көрінісі.

– Жаңа Конституциямен Құрылтайға жоғары өкілді және заң шығарушы орган мәртебесінің берілуі – еліміздің саяси жүйесіндегі іргелі өзгерістердің бірі. Бұл жерде тарихи атаудың қайтарылуы ғана емес, оның мазмұны мен конституциялық мәртебесінің жаңаша айқындалуы маңызды. Құрылтай енді қоғамдық пікірді талқылайтын кеңес алаңы ғана емес, елдің заңнамалық негізін қалыптастыратын, халықтың саяси еркін заң шығару арқылы жүзеге асыратын конституциялық институт ретінде жұмыс істейді, – дейді ректор.

Оның айтуынша, жаңа жүйенің тиімділігі Құрылтайдың заң қабылдау өкілеттігі мен өкілдік функциясының өзара сабақтас жүзеге асуына байланысты.

– Заң шығару – тек құқықтық нормаларды қабылдау емес. Оның артында қоғамның нақты сұранысы, азаматтардың мүддесі, өңірлердің ерекшелігі және мемлекеттің ұзақ мерзімді даму мақсаттары тұрады. Сондықтан Құрылтай депутаттарының алдында заңнамалық шешімдердің сапасын арттырумен қатар, қоғамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби топтарының пікірін ескерудің үлкен жауапкершілігі тұр. Бұл – өкілді органның негізгі миссияларының бірі, – деп атап өтті Сауле Рахметуллина.

Ректордың пікірінше, жаңа конституциялық модельде Құрылтайдың рөлі әсіресе өңірлердің мүддесін ұлттық заң шығару деңгейінде таныту тұрғысынан маңызды.

– Өңірлердің даму жағдайы біркелкі емес. Әр облыстың экономикасы, әлеуметтік инфрақұрылымы, еңбек нарығы, білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы өзекті мәселелері бар. Сондықтан ұлттық деңгейде қабылданатын заңдардың тиімділігі олардың жергілікті жерде қалай іске асатынына тікелей байланысты. Құрылтайдың өкілдік табиғаты осы тәжірибені заң шығару үдерісіне жеткізуге мүмкіндік береді. Яғни, халықтың нақты өміріндегі мәселелер заңнамалық шешімдердің мазмұнына әсер етуі тиіс, – дейді Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры.

Ол жаңа модельдің тағы бір маңызды қыры ретінде заң шығару сапасы мен мемлекеттік шешімдердің жауапкершілігін атап өтті.

– Құрылтайдың қалыптасуы мемлекеттік институттардың өзара жауапкершілігін арттыратын жаңа саяси архитектураны орнықтырады. Заң қабылдау – үлкен жауапкершілік. Өйткені әрбір заңның экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық өмірге тікелей ықпалы бар. Сондықтан кәсіби сараптама, ғылыми негіздеме, қоғамдық талқылау және азаматтардың нақты сұранысын зерделеу заң шығару жұмысының ажырамас бөлігі болуы керек, – деді Сәуле Жәдігерқызы.

Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституциядағы Құрылтай институты Қазақстанның саяси жүйесіндегі тарихи атаудың жаңғыруын ғана емес, заң шығару билігінің жаңа моделінің қалыптасуын білдіреді. Оның басты міндеті – халықтың еркін жоғары өкілді орган деңгейінде білдірумен қатар, елдің қоғамдық, экономикалық және әлеуметтік дамуына қажетті сапалы заңнамалық негіз қалыптастыру.

Жаңа конституциялық модельде Құрылтайдың заң шығару қызметімен қатар, қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты күшейтуге мүмкіндік беретін өкілдік рөлі де ерекше мәнге ие. Бұл ретте оның тиімділігі қабылданған заңдардың санымен емес, олардың қоғамның нақты қажеттілігіне қаншалықты жауап беретінімен және азаматтардың өміріне қандай өзгеріс әкелетінімен өлшенбек.

#ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ

Шетелдік журналистерді тіркеу 16 тамызда аяқталады

Ержан ӘБІШ
ҚР Сыртқы істер министрлігі

Сыртқы істер министрлігінің мәліметіне сәйкес 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарын сайлауды жариялау үшін шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін аккредиттеу 16 тамызда аяқталмақ.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес шетелдік журналистер Қазақстан аумағында тек ҚР Сыртқы істер министрлігінің тұрақты немесе уақытша аккредитациясы болған жағдайда ғана жұмыс істей алады. Журналистпен бірге жеке басын куәландыратын құжаты бар бір аудармашының жүруіне рұқсат етіледі.

Аккредиттеу туралы өтінімдер 2026 жылғы 16 тамызға дейін accreditation@mfa.kz электрондық поштасына қабылданады. Хаттың тақырыбында міндетті түрде «Kurultai Elections 2026» деген белгі көрсетілуге тиіс.

Аккредиттеу үшін мынадай құжаттар қажет: бас редактордың аккредиттеу туралы ресми хаты; журналисттің жарамды шетелдік төлқұжатының көшірмесі; толтырылған аккредиттеу нысаны; 3х4 сантиметр көлеміндегі электрондық фотосурет; бұқаралық ақпарат құралы туралы қысқаша мәлімет.

Қосымша ақпарат алу үшін шетелдік БАҚ өкілдері ҚР Сыртқы істер министрлігінің баспасөз қызметіне +7 (7172) 72-01-33 телефоны арқылы хабарласа алады.



#САЙЛАУАЛДЫ ҮГІТ-НАСИХАТ

Партиялар тұрғындармен және қоғамдық ұйымдармен кездесуде

Ержан ӘБІШ
gov.kz

Шығыс Қазақстанда Құрылтай депутаттарын сайлау науқаны аясында партия өкілдері өңір тұрғындарымен және түрлі ұйымдардың мүшелерімен кездесулер өткізіп жатыр. Жүздесулерде білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, қоршаған ортаны қорғау және өңірді дамыту мәселелері көтеріліп, азаматтардың ұсыныстары тыңдалуда.

«Әділет» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық сайлауалды штабының өкілдері Абай күніне орай Өскемендегі ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Бұдан соң партия мүшелері үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен кездесіп, сайлауалды бағдарламаны талқылады. Жиында ҮЕҰ-ны қаржылай қолдау, мемлекеттік сатып алуларға қатысу рәсімдерін жеңілдету, қаржы бөлудің ашықтығын арттыру мәселелеріне мән берілді.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының өкілдері Шемонаиха қаласына барды. Олар тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратып, сайлауалды бағдарламаның басым бағыттарын таныстырды. Белсенділер партияның негізгі бағыттарына тоқталды. Қала тұрғындары өздерін толғандырып жүрген мәселелерді көтерді. Әңгіме кезінде азаматтардың ұсыныстары тыңдалды. Партия мүшелері қойылған сауалдарға жауап берді.

«Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратты. Әңгіме барысында азаматтарға партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылды. Белсенділер оның негізгі бағыттарына тоқталды. Тұрғындар өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп, ұсыныстарын білдірді. Партия мүшелері сауалдарға жауап берді. Басқосуда өңірдің дамуына, қоршаған ортаны қорғауға қатысты пікірлер айтылды.

Қазақстан Халық партиясының өкілдері тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратты. Азаматтарға сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары түсіндірілді.



Белсенділер партияның ұсыныстары мен бастамалары туралы мәлімет берді. Тұрғындар өзекті мәселелер жөніндегі пікірлерін білдірді. Азаматтар партия мүшелеріне сауалдарын қойды. Көтерілген мәселелерге жауап беріліп, ұсыныстар назарға алынды.

«Ауыл» партиясының өкілдері Тарбағатай ауданының тұрғындарымен кездесті. Басқосуда сайлауалды бағдарламаның бағыттары таныстырылды. Әңгіме барысында ауылдард дамыту, жұмыспен қамту мәселелері сөз болды. Тұрғындар өз сауалдарын ортаға салды. Ауыл шаруашылығын қолдауға қатысты ұсыныстар айтылды. Партия мүшелері көтерілген мәселелерге жауап берді. Жүздесу ашық пікір алмасумен аяқталды.

«Ақ жол» партиясының өкілдері Тарбағатай ауданында бірқатар кездесу өткізді. Олар «Байтоғас» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің ұжымымен жүздесті. Басқосуда кәсіпкерлікті қолдау, өндірісті дамыту мәселелері талқыланды. Бұдан кейін «Рыбаки Зайсана» кооперативінің қызметкерлерімен кездесу өтті. Еңбек ұжымдары ұсыныстарын айтып, сауалдарын қойды. Партия өкілдері тарапынан барлық сұрақтарға жауап қайтарылды.

«Respublica» партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының жетекшісі Әлия Мұқашева қалдықтарды өңдеу саласының өкілдерімен кездесті. Басқосуға пластик қалдықтарын өңдейтін ұжым мүшелері қатысты. Жүздесуде партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылды. Қатысушылар саладағы мәселелерді талқылады. Кәсіпорын қызметкерлері ұсыныстарын білдірді. Әлия Мұқашева сауалдарға жауап берді.

#САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІ

90%-дан астамы мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді

Ержан ӘБІШ
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі



Еліміздегі 9 мыңнан астам сайлау учаскесінің 90%-дан астамы мүгедектігі бар азаматтар үшін қолжетімді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, еліміз бойынша 9015 сайлау учаскесі қолжетімділік картасына енгізіліп, олардың мүгедектігі бар адамдар үшін қаншалықты ыңғайлы екеніне талдау жүргізілді. Мониторинг қорытындысы бойынша 1333 учаскеде қосымша бейімдеу жұмыстарын жүргізу қажет екені анықталды. Бұл жұмыстар дауыс беру күніне дейін жалғасады.

Сайлау учаскесінің қолжетімділігі тек кіреберістегі пандуспен шектелмейді. Азаматтың учаскеге өздігінен, кедергісіз кіріп, ғимарат ішінде еркін қозғалып, дауыс беруге қажетті құралдардың барлығын пайдалана алуы маңызды.

Осыған байланысты сайлау учаскелерінде пандустар немесе көтергіш құрылғылар, көмек шақыру батырмалары, тактильді көрсеткіштер, талапқа сай есік ойықтары, жеткілікті жарықтандыру және арнайы автотұрақ орындары қарастырылады.

Сондай-ақ көру және есту қабілеті бұзылған азаматтарға арнайы құралдар, Брайль қарпімен жазылған ақпараттық материалдар, ымдау тілі мамандары мен тифлосурдоаудармашылардың көмегі ұсынылады.

Қазақстанда сайлауға қатысу жасына жеткен 325 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тұрады. Олардың арасында тірек-қимыл аппараты, көру және есту қабілеті бұзылған, сондай-ақ кресло-арбамен жүріп-тұратын адамдар бар.

Дауыс беру күні жергілікті атқарушы органдар инватакси қызметінің жұмысын қамтамасыз етуге тиіс.

Мүгедектігі бар азаматтар сайлау учаскесіне бармас бұрын оның қолжетімділік деңгейі мен жасалған жағдайлар туралы ақпаратпен алдын ала таныса алады. Қажет болған жағдайда сайлаушыға өзі таңдаған адамның көмегін пайдалануға рұқсат етіледі.

Ал денсаулығына байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтар белгіленген тәртіппен өз үйінде дауыс бере алады.

Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық департаменттері сайлау учаскелерінің дайындығын тексеріп жатыр. Бұл жұмыстар әкімдіктермен және сайлау комиссияларымен бірлесіп жүргізілуде.

Дауыс беру күніне дейін министрлік сайлау учаскелерінің дайындығын күнделікті бақылауда ұстайды. Негізгі мақсат – мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқығын басқа азаматтармен тең дәрежеде жүзеге асыруына қажетті жағдай жасау.

#ЛЕБІЗДЕР

Тарихи дәстүрден қазіргі мемлекеттік басқару моделіне дейін



Жаннета Қалимолдина,
тарихшы, С.Аманжолов атындағы ШҚУ проректоры:

– Құрылтай атауы қазақ халқының тарихи жадында кездейсоқ сақталған ұғым емес. Дәстүрлі қазақ қоғамында елдің тағдырына қатысты маңызды мәселелерді кеңесу, ортақ шешімге келу, ру басылары мен атқаминерлердің пікірін тыңдау сияқты институттар қоғамдық-саяси өмірдің ажырамас бөлігі болды. Сондықтан бүгінгі мемлекеттік жүйеде Құрылтай атауының қайта жаңғыруын тарихи дәстүрдің жай ғана символдық қайтарылуы деп бағалауға болмайды. Оның қазіргі мазмұны жаңа Конституцияда нақты құқықтық сипатқа ие болды.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі Құрылтайдың ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – ортақ мәселеге қатысты пікірді ескеріп, елдік мүдде тұрғысынан шешім қабылдауға ұмтылыс болды. Қазіргі Құрылтайдың табиғаты, әрине, мүлде басқа. Ол – конституциялық негізде жұмыс істейтін, заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган. Бірақ тарихи сабақтастықты оның атауынан ғана емес, қоғам мен билік арасындағы диалог, жауапкершілік және ортақ мүдде идеяларынан көруге болады.

Әділетті мемлекет құрудың маңызды шарттарының бірі – азаматтардың пікірі мен қоғамдық сұраныстың мемлекеттік шешімдерде көрініс табуы. Жоғары өкілді орган осы міндетті атқаруы тиіс. Яғни, Құрылтай халық пен мемлекет арасындағы байланысты күшейтіп, қоғамдағы әртүрлі пікірлерді заң шығару үдерісіне енгізетін пәрменді институтқа айналуы қажет. Бұл жерде депутаттардың кәсібилігі, жауапкершілігі, ашықтығы және сайлаушылар алдындағы есептілігі шешуші мәнге ие.

Әзірлеген – Айгүл Базарова

Жаңа Құрылтай – саяси жауапкершілік кезеңі



Зарина Қамасова,
ҚР Парламенті Мәжілісінің экс-депутаты, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің гендерлік мәселелер жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі:

Жаңа жүйенің басты артықшылығы – заң шығару процесінің тиімділігі мен жауапкершіліктің артуында. Бұрын заң жобалары Мәжілістен Сенатқа өтіп, қайта қаралып, ұзақ уақытты қажет ететін. Ал жаңа құрылымда заңдарды қабылдау жауапкершілігі толықтай Құрылтай депутаттарына жүктеледі.

Бұрын қабылданған шешімдер бірнеше сатыдан өтетін. Бұл заң шығару мерзімін ұзартып жіберетін жағдайлар болды. Енді Құрылтайдың 145 депутаты заң жобаларын қарап, түпкілікті шешім қабылдайды. Демек, жауапкершілік те, талап та әлдеқайда жоғары болады.

Жаңа саяси жүйе көппартиялы бәсекелестікті күшейтіп, өңірлердің мүддесін тиімді қорғауға мүмкіндік береді. Әсіресе, партиялық тізімдерге тәжірибелі, өңірдің нақты мәселелерін білетін азаматтардың енуі маңызды.

Сонымен қатар Конституцияда әрбір мемлекеттік органның экологиялық жауапкершілігі нақты белгіленді. Бірақ мұның бәрі заңдар мен нормативтік актілер арқылы іске асады. Сондықтан жаңа Құрылтайдың алдында өте үлкен міндет тұр. Ол Конституцияда жазылған қағидаларды нақты өмірде жүзеге асыруы тиіс.

Заңдар халықтың пікірін ескере отырып қабылдануы тиіс. Заң жобалары бірнеше кезеңде жан-жақты талқыланып, азаматтардың ұсыныстары назардан тыс қалмауы керек. Мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогтың күшеюі – реформалардың басты нәтижесі болады деп сенемін.

Әзірлеген – Айдос Мырзахметов

Алғашқы Құрылтай сайлауы маңызды рөл атқарады



Ләйлә Төлеубекова,
өңірдің белсенді жасы:

– Қазақстанда жаңа конституциялық модель аясында қалыптасатын Құрылтай елдің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді орган ретінде айрықша мәнге ие. Жаңа өкілді органның алғашқы құрамын қалыптастыру – еліміздің саяси жүйесіндегі маңызды кезең.

Құрылтай депутаттарының алғашқы сайлауы елдің одан әрі дамуы үшін стратегиялық маңызға ие деп есептеймін. Бір палаталы құрылым заң шығару процесін бір арнаға шоғырландырып, заң жобаларын қарау мен қабылдау тәртібін ықшамдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Құрылтай Конституцияда белгіленген өкілеттіктері шеңберінде республикалық бюджеттің атқарылуын қарайды. Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның есептерін тыңдайды, сондай-ақ бірқатар жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындауға келісім береді.

Биылғы сайлау науқаны соңғы жылдардағы ең маңызды саяси науқандардың біріне айналады деп ойлаймын. Жастардың сайлау процесіне белсенді қатысуы қоғамдық-саяси мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Бүгінде жас азаматтар өз дауысының ел болашағына әсер ететінін түсініп, қоғамдық процестерге белсенді араласуға ұмтылып келеді.

Қазіргі жастар елде болып жатқан өзгерістерге бейжай қарамайды. Олар қоғамдық және саяси процестерді бақылап қана қоймай, өз ұстанымын білдіруге, ел дамуына үлес қосуға ұмтылады. Жастардың саяси процеске саналы түрде араласуы, елдегі өкілді демократия институттарының одан әрі дамуына ықпал етпек.

Әзірлеген – Дмитрий Чжан

#ШАһАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Дауыл зардабын жою жұмыстары дер кезінде атқарылды



Ринат ЖҰМАҒҰЛОВ

Өскеменде 5 тамызда түстен кейін соққан қатты жел, бұршақ аралас нөсерден кейінгі салдарды жою жұмыстары дер кезінде атқарылды. 6 тамыздағы таңертеңгі жағдай бойынша қаладағы тұрғын үй қоры мен әлеуметтік нысандардың барлығына электр энергиясы берілді. Коммуналдық қызметтер түні бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп, қаланың қалыпты тіршілігін қалпына келтіру жұмыстарын үздіксіз жалғастырды.

Айта кетейік, бұл күні өңірде желдің жылдамдығы секундына 19 метрге дейін жетіп, 20,5 миллиметр жауын-шашын түсті. Қолайсыз ауа райы басталған бойда Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов төтенше жағдайлар қызметтерінің, облыс орталығы мен аудандар әкімдіктерінің, сондай-ақ энергетика, білім беру, денсаулық сақтау және басқа да жауапты салалардың басшыларын жедел жинап, жағдайды тұрақтандыру және табиғи құбылыстың салдарын қысқа мерзімде жою бойынша нақты міндеттер қойды. Осыған байланысты тиісті қызметтердің жұмысы жедел ұйымдастырылып, негізгі күштер апаттық жағдайларды жоюға және халықтың қалыпты тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Өскемендегі барлық апаттық-қалпына келтіру жұмыстары бақылауға алынып, коммуналдық және авариялық қызметтер тәулік бойы жұмыс істеді.

Өскеменде дауыл салдарын жою жұмыстары жедел жүргізілді. Үш сағат ішінде негізгі магистральдық жолдар құлаған ағаштардан тазартылып, бес сағат ішінде су басқан учаскелердегі жағдай тұрақтандырылды. Қалпына келтіру жұмыстарына 270 адам мен 41 арнайы техника жұмылдырылды. Барлығы 15 құлаған ағаш жиналды.

ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Облыс әкімінің баспасөз қызметі таратқан ақпараттарға сәйкес дауыл салдарынан электр энергиясы өшкен барлық ауданда электрмен жабдықтау толық қалпына келтірілді. Тұрғын үй қоры мен әлеуметтік нысандарда авариялық-қалпына келтіру жұмыстары аяқталды.

Сонымен қатар, Понтон көпірі маңы, Самсоновка және Лесхоз кенттеріндегі жеті саяжай кооперативінде, сондай-ақ жеке сектордағы жекелеген өтінімдер бойынша 0,4 кВ және әуе электр желілеріндегі ақауларды жою жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл жұмыстарды «БЭСК» АҚ бригадалары жүргізді.

Бағдаршамдар мен сыртқы жарықтандыруға келсек, дауыл салдарынан қаладағы 112 бағдаршам нысанының 36-сы істен шыққан болатын. Алғашында оның 29-ы қалпына келтірілсе, қалған нысандар толықтай жөнделді.

Сыртқы жарықтандыру желілерін қалпына келтіру барысында «Горсвет LTD» ЖШС 29 СИП аралығын, яғни, шамамен 1,18 шақырым желіні қалпына келтірді. Артынан тағы алты учаскеде жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Электрмен жабдықтауды қалпына келтіру жұмыстары нәтижесінде «Болашақ» ауданы, Ахмер кентінің бір бөлігі, 19-шы тұрғын аудан, Күленов және Үлбі кенттері, Әуежай, Жаңа Согра, Кірпіш зауыты, Бабкина мельница аудандары, сондай-ақ Бажов, Рабочая және Михаэлис көшелеріндегі тұтынушылар электр энергиясына қайта қосылды.

Бұдан бөлек, «Витязь», «Металлург-5», «Подснежник» және «Изумруд» бау-бақша серіктестіктерінде электрмен жабдықтау қалпына келтірілді. Бажов көшесі, 331/2 мекенжайындағы қосалқы станция жөнделді.

ҚҰЛАҒАН АҒАШТАР ТОЛЫҚ ЖИНАЛДЫ

Дауылдан кейін ағаштардың құлауына байланысты тіркелген 15 учаскенің барлығында жұмыстар аяқталды. Сонымен қатар, апатты ағаштарды кесу, сынған бұтақтарды жинау және шығару жұмыстары сол күні түн ішінде Михаэлис, Теміржолшылар, Целинная көшелерінде, Гагарин бульвары аумағында, Потанин айналма жолында және басқа да учаскелерде үздіксіз жүргізілді.

Қала көшелерін сыпыру және жолдарды тазалау жұмыстары Бажов көшесінде, Назарбаев, Шәкәрім, Абай, Әуезов, Жеңіс, Сәтбаев даңғылдарында, сондай-ақ Үлбі және Ертіс көпірлері, Самар тас жолы және басқа да негізгі бағыттарда атқарылды.

Қала бойынша жаңбыр суын сору бойынша 15 өтінім түсіп, уақытында



қызметкерлері Әуежай ауданы, КСМ, Прохладный кенті және Назарбаев даңғылы маңындағы жолдар мен тротуарларды ағаштар мен бұтақтардан тазартты.

Алаш шағын ауданындағы Қ.Мұхамедханов көшесі, 24 мекенжайында ағаш жолдың жүру бөлігіне құлаған болатын. Аумақтық басқару орталығының №1 тобы тазарту жүргізіп, көлік қозғалысын толық қалпына келтірді.

Нөсерден кейін жиналған жаңбыр суын сору жұмыстары Михаэлис көшесі, 3, Қазақстан көшесі, 27 және Сәтбаев даңғылы, 14 мекенжайларында атқарылды.

ҰЛАН АУДАНЫНДА ДА НЫСАНДАР ЗАРДАП ШЕКТІ

Қолайсыз ауа райы Ұлан ауданындағы бірқатар нысанға да зиянын келтірді. Қатты жел мектептің, екі қабатты тұрғын үйдің және Өскемен құс фабрикасының үш ғимаратының шатырын зақымдаған. Бүлінген шатырлардың жалпы аумағы мың шаршы метрден асады. Оқиға салдарынан қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ. Зақымданған нысандардың тұрғындарына 100 АЕК көлемінде біржолғы атаулы әлеуметтік көмек көрсету қарастырылған. Сонымен қатар, келтірілген материалдық залалдың нақты көлемі арнайы бағалау нәтижесінде анықталады.

Бұл күні Өскеменде қатты жел, нөсер жаңбыр мен ірі көлемдегі бұршақтың салдарынан 25 мыңға жуық тұрғын электр энергиясынсыз қалды. Қала әкімдігінің таратқан мәліметіне сүйенсек, дауыл салдарынан барлығы он бес ағаш құлап, олардың бірнешеуі автокөліктерді басып қалған.

Коммуналдық және авариялық қызметтер құлаған ағаштарды көшеден алып, электрмен жабдықтауды қалпына келтіру және нөсер жаңбырдың салдарын жою жұмыстарын қысқа мерзім аралығында жүргізді.

Құлаған ағаштардың біраз бөлігі Комаров көшесінен, Аблакетка шағын ауданындағы Молдабаев көшесінен, Теміржолшылар кентінен, Виноградов көшесінен және Гагарин бульварынан алынған.

Өз кезегінде Өскемен қаласының әкімі Алмат Ақышов тұрғындардың сын сағатында түсіністік танытқанын, барлық қалпына келтіру жұмыстары облыс басшысының тікелей бақылауда атқарылғанын мәлімдеді.



түгелі орындалды. Түн ішінде су сору жұмыстары Назарбаев даңғылының жергілікті жолы мен жаяу жүргіншілер жолында, 30-шы Гвардиялық дивизия, Грузинская, Сафонов, Целинная көшелерінде, Шәкәрім-Красина, Мызы-Протозанов көшелерінің қиылыстарында және басқа да учаскелерде атқарылды.

Сондай-ақ Мызы көшесі, 21 және Қазақстан көшесі, 87 мекенжайларында да жаңбыр суын сору жұмыстары уақыт оздырмай аяқталды.

Аумақтық басқару орталығының

Бетті әзірлеген – Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

#АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Өңірде егін ору науқаны басталды

Ержан ӘБІШ
Жібек НҰРАХМЕТ, редакция мұрағатынан

Күз – диқан қауымы үшін ең жауапты кезең. Бір жыл бойғы маңдай тер мен тынымсыз еңбектің нәтижесі дәл осы кезеңде таразыға түседі. Биыл Шығыстың шаруалары егін орағына сақадай сай әзірленіп, науқанды ұйымшылдықпен бастап кетті. Егіс көлемі ұлғайған, түсім де жаман емес. Сонымен қатар өңірде ет пен сүт өндірісін арттыруға бағытталған ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Цифрлық технологиялардың енгізілуі еңбек өнімділігін арттырып, шығынды азайтқан, өңірдің сапалы өнімдеріне сыртқы нарықтағы сұраныс та жыл сайын артып келеді.

ДИҚАН ҚАУЫМЫ САҚАДАЙ САЙ

Биыл облыста ауыл шаруашылығы дақылдары 634,8 мың гектар алқапқа егілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 18,4 мың гектарға көп. Егістік көлемінің ұлғаюы өңірдегі аграрлық саланың әлеуеті артып келе жатқанын аңғартады.

– Егіс құрылымында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар басым. Олар 255,7 мың гектарға себіліп, жалпы алқаптың 40,3 пайызын алып жатыр. Оның ішінде бидай 162,3 мың гектарға егілген. Майлы дақылдардың да үлесі көп. Биыл олардың көлемі 245,3 мың гектарға жетсе, соның 227,6 мың гектарын күнбағыс алқаптары алып жатыр. Бұдан бөлек, 122,9 мың гектарға жем-шөп дақылдары себілсе, картоп 7,1 мың гектарды, көкөніс пен бақша дақылдары 3,8 мың гектарды қамтыған, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Жаннат Көшерова.

Қазір егін орағы кезең-кезеңмен басталып кетті. Бүгінгі таңда дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың 11 мың гектары жиналып, орташа өнімділік гектарына 23,1 центнерді көрсетіп отыр. Бұл алғашқы нәтиженің өзі шаруалардың күзгі науқанға тыңғылықты әзірлікпен келгенін байқатады. Ауа райының қолайлы болуы және агротехникалық талаптардың сақталуы өнім көлеміне оң ықпал етеді деген сенім бар.

Егін жинау науқанының табысты өтуіне жанар-жағармаймен қамту да ерекше әсер етеді. Осы мақсатта биыл Павлодар мұнай зауытынан облыстың шаруашылықтарына литрі 290 теңгеден 19 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Оның 5,2 мың тоннасы шілде айына, 8,5 мың тоннасы тамызға, 2 мың тоннасы қыркүйекке және 3,3 мың тоннасы қазан айына жоспарланған.

ЕТ ПЕН СҮТКЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

Шығыс Қазақстанда мал шаруашылығын дамытуға бағытталған ауқымды инвестициялық жобалар кезең-кезеңмен жүзеге асып жатыр. Соңғы жылдары өңірде сүт өндірісін ұлғайтуға, асыл тұқымды мал басын көбейтуге және заманауи өндірістік инфрақұрылым қалыптастыруға басымдық беріліп келеді.

Өңірде Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде іске асып жатқан жеңілдетілген бюджеттік кредиттеу бағдарламасы нақты нәтиже бере бастады. Соның арқасында 2023-2025 жылдар аралығында жалпы құны 12,1 миллиард теңгені құрайтын алты сүт фермасы салынып, кеңейтіліп немесе жаңартылды. Атап айтқанда, «Мойылды-Байқоңыр», «Средигорное-2», «Украинка», «Хамзин С. және компания», «Рулиха» және «Белокаменское» шаруашылықтарында өндірістік қуаттар жаңартылды. Ал «Елжас» серіктестігінің жобасын аяқтау биылға жоспарланған.



Мұнымен жұмыс тоқтап қалмайды. 2026-2028 жылдары жалпы құны 18,3 миллиард теңгені құрайтын, бес мың басқа арналған тағы алты ірі тауарлы-сүт фермасын салу, кеңейту және жаңғырту көзделген. Жаңа жобалар іске қосылғаннан кейін өңірде сүт өндірісі артып, ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындары ашылады.

– Алдағы жылдары Ұлан ауданындағы «ҚазРусСТЭК» серіктестігі 600 басқа арналған сүт фермасын кеңейтіп, жаңғыртады. Алтай ауданындағы «Соловьевское» серіктестігінде жұмыс істеп тұрған 500 басқа арналған ферма жаңартылады. Сонымен қатар Шемонаиха ауданындағы «Сугатовское» серіктестігі 600 басқа арналған жаңа ферма салуды жоспарласа, Алтай ауданындағы «Нивы Чапаево» серіктестігі мың басқа арналған кешен тұрғызады. Глубокое ауданындағы «ОХМК» серіктестігі 1200 басқа арналған сүт фермасын салса, «Рулиха» серіктестігі өз өндірісін мың басқа дейін кеңейтпек, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Мал шаруашылығын дамытудағы тағы бір маңызды бағыт – бордақылау алаңдарын көбейту. Биыл Зайсан ауданында «ЖБ Әмір Темір» серіктестігінің бес мың ірі қара малға арналған бордақылау алаңы пайдалануға берілді. Сонымен қатар осы шаруашылықтың бес мың ұсақ малға арналған жаңа бордақылау алаңын қаржыландыру мәселесі қарастырылып жатыр.

Алдағы екі жылда бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасады. Тарбағатай ауданындағы «Ілияс» шаруа қожалығы бес мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңын салуды жоспарлап отыр. Самар ауданында «Дарқанұлы» шаруа қожалығының 500 басқа, «Талды Екпін» серіктестігінің мың басқа арналған кешендері бой көтермек. Сондай-ақ Марқакөл ауданындағы «Тоқтасын» серіктестігі 600 басқа арналған алаң салуды көздесе, Тарбағатай ауданындағы «Bolasaq» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы бес мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау кешенін іске қосуды жоспарлап отыр.

– 2026-2028 жылдары өңірде жалпы қуаттылығы бес мың басқа арналған алты ірі сүт фермасын салу, жаңғырту және кеңейту жоспарланған. Сонымен қатар бірнеше ірі бордақылау алаңын іске қосу көзделіп отыр. Бұл жобалар өңірдегі сүт өндірісін ұлғайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді, – дейді Жаннат Көшерова.

ЗАМАН АҒЫМЫНА ІЛЕСІП КЕЛЕДІ

Бүгінде заманауи технологиялар аграрлық саланың ажырамас бөлігіне айналып, еңбек өнімділігін арттыруға, шығынды азайтуға және өндіріс тиімділігін еселеуге жол ашып отыр. Шығыс Қазақстанда да агроөнеркәсіп кешенін цифрлық трансформациялау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

– Облыста цифрлық технологиялар алдымен егін шаруашылығына кеңінен енгізіліп келеді. Қазіргі кезде дәлмедәл егіншілік технологиялары 248,9 мың гектар алқапта қолданылып, бұл өңірдегі жалпы егіс көлемінің 40 пайызын құрап отыр. Мұндай тәсіл жердің әлеуетін тиімді пайдаланып, әр гектардан алынатын өнім көлемін арттыруға мүмкіндік береді. – дейді басқарма басшысының орынбасары Жаннат Көшерова. – Цифрландырудың негізгі құралдарының бірі – Trimble навигациялық жүйесі. Ол тұқым себу кезінде дәлдікті қамтамасыз етіп, агротехникалық талаптардың сақталуына жағдай жасайды. Соның нәтижесінде тұқым мен жанар-жағармай шығыны 10-15 пайызға дейін қысқарады, егіс біркелкі көктеп, дала жұмыстары уақтылы орындалады.

Өңір шаруашылықтары жоғары технологиялы техникаларды да кеңінен пайдаланып келеді. Атап айтқанда, өнімділігі жоғары «Trion 650», «Trion 730», «Acros 580» комбайндары, қуатты «Claas Xerion 4500» тракторлары жұмысқа тартылған. Сонымен қатар дрондар арқылы алқаптарға тыңайтқыш шашу, егісті бақылау, өнімділікті есептеу және десикация жүргізу тәжірибесі кеңінен қолданылуда. Ал GPS және ГЛОНАСС спутниктік навигация жүйелері техникалардың қозғалысын дәл басқаруға мүмкіндік береді.

Цифрлық жаңғырудың келесі кезеңі ретінде «ОХМК» серіктестігі мен «Айтас» компаниялар тобының шаруашылықтарында Crowise Operations платформасы енгізілді. Бұл жүйе спутниктік деректер мен NDVI индексі арқылы егістіктің жай-күйін бақылап, агротехникалық жұмыстарды нақты уақыт режимінде жоспарлауға жағдай жасайды. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы техникаларының жұмысын оңтайландырып, әрбір танап бойынша мәліметтерді автоматты түрде жинап, талдап және өнімділік карталарын қалыптастырады.

Жаңа цифрлық шешімдердің тиімділігі нақты нәтижемен дәлелденіп отыр. Trimble мен Crowise Operations жүйелерін қолданатын шаруашылықтарда өндірістік шығындар азайып, ауыспалы егісті жоспарлау сапасы жақсарған. Ең бастысы, цифрландырылған алқаптарда өнімділік гектарына орта есеппен 23 центнерден 25-30 центнерге дейін артқан.



Өңірде смарт-ферма жобалары да дамып келеді. Қазіргі уақытта «Камышинское» және «Украинка» шаруа қожалықтары мен «Бобровка+» серіктестігі толыққанды смарт-ферма ретінде жұмыс істейді. Бұдан бөлек, бес сүт фермасында заманауи цифрлық технологиялардың жекелеген элементтері енгізілген. Бұл шаруашылықтарда автоматтандырылған сауу кешендері, малды азықтандыру және күтіп-бағу жүйелері, роботтандырылған азық таратқыштар мен сауу қондырғылары жұмыс істейді. Сондай-ақ табынды басқарудың цифрлық платформалары, өндірістік процестерді онлайн бақылау жүйелері, кросс-вентиляция, асыл тұқымды бұқаларды компьютерлік іріктеу және баламалы энергия көздері сияқты инновациялық шешімдер кеңінен қолданылуда.

ШЫҒЫСТЫҢ ӨНІМІНЕ СҰРАНЫС ӘРДАЙЫМ ЖОҒАРЫ

Соңғы жылдары өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуге басымдық беріліп, экспортқа шығарылатын тауарлар көлемі мен түрі кеңейіп келеді. Бұл отандық өнімнің сапасы халықаралық нарықта жоғары бағаланатынын көрсетеді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес 2026 жылдың қаңтар-мамыр айларында облыстан 419,8 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімі экспортталып, оның жалпы құны 220,8 миллион АҚШ долларына жетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,7 пайызға жоғары көрсеткіш.

Экспорт құрылымында өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі айрықша. Бес ай ішінде сыртқы нарыққа 222,7 мың тонна өңделген өнім жөнелтіліп, оның құны 170,2 миллион долларды құрады. Осылайша өңделген өнімдер агроөнеркәсіп кешені экспортының 77,1 пайызын қамтамасыз етті.

– Шетелдік тұтынушылар арасында күнбағыс майына сұраныс жоғары. Сонымен қатар мақсары, рапс және зығыр майын өндіруден алынатын жом мен шрот, сондай-ақ мал азығына арналған өнімдер де экспорттық қоржынның маңызды бөлігін құрап отыр. Бұл өңірде шикізатты терең өңдеу ісінің қарқын алып келе жатқанын аңғартады, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің де экспорттық әлеуеті артып келеді. Жыл басынан бері 196,1 мың тонна өсімдік шаруашылығы өнімі сыртқы нарыққа шығарылып, оның құны 47,7 миллион долларға жетті. Бұл бағытта да өткен жылдың көрсеткішінен өсім байқалады.

Ал мал шаруашылығы өнімдерінің экспорты 0,9 мың тоннаны құрап, жалпы құны 2,9 миллион долларға бағаланды. Шығыс Қазақстанның экспорттағы ерекше бренді – табиғи бал. Биылғы бес айдың қорытындысы бойынша сыртқы нарықтарға 20,1 тонна бал жөнелтілді. Сонымен бірге өңірдің балық шаруашылығы өнімдері де экспортқа шығарыла бастады. Есепті кезеңде шетелдік серіктестерге 7,4 тонна балық жеткізілді.

#ҰЛЫ ОЙШЫЛДЫҢ ТУҒАНЫНА – 181 ЖЫЛ

Шығыста Абай Құнанбайұлының

Ержан ӘБІШ, Айдос МЫРЗАХМЕТОВ, Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ, Марат УСМАНОВ

Жәнібек ЫРЫСБАЙ, Махаббат ӘУКЕНОВА ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыстық Пушкин атындағы кітапхана

10 тамызда барша Қазақстанда Абай күні мерекеленді. Бұл дата 2020 жылдан бері ресми түрде «Абай күні» ретінде атап өтіліп келеді. Биыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, философы, композиторы және қоғам ойшылы Абай Құнанбайұлының туғанына 181 жыл толды. Оның шығармашылығы қазақ жазба әдебиеті мен ұлттық мәдениеттің маңызды негіздерінің біріне айналды. Айтулы дата Шығыс Қазақстанда да мән-маңызымен, үлкен құрметпен кеңінен мерекеленді.

Абай 1845 жылы 10 тамызда Семей өңірінде Тобықты руының беделді старшыны Құнанбай Өскенбайұлының отбасында дүниеге келген. Болашақ ақын алғашқы білімін үйде алып, кейін Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде оқыды. Сонымен қатар орыс мектебіне де барып жүрді. Абай араб және парсы тілдерін меңгеріп, Шығыстың бай мұрасымен танысты. Науаи, Фирдоуси, Низами, Сағди, Жәми және Хафиз шығармаларын оқыды.

Қаладағы оқуын аяқтамай, әкесінің қалауымен Абай далаға оралып, біртіндеп қоғамдық және әкімшілік істерге араласа бастады. Даулы мәселелерді шешуге қатысып, даладағы әдет-ғұрып құқығы мен басқару дәстүрлерін танып-білді, шешендік қабілетін шыңдады. Сол кездің өзінде оның дербес ойлайтыны және әділдікке ұмтылысы байқалды. Көптеген мәселеде Абайдың көзқарасы әкесі мен ру басыларының ұстанымымен сәйкес келе бермейтін.

Алайда Абай өмірінің басты мұраты әдебиет, ағартушылық және халқының болашағы туралы толғаныс болды. Өлеңдері мен әйгілі қара сөздерінде ол білім мен еңбектің қадірі, адамның адамгершілік жауапкершілігі, әділдік, ел бірлігі және үнемі ізденіп, ой-өрісті дамыту қажеттігі туралы жазды.

Абай мұрасында мәдениеттер үндестігі де ерекше орын алады. Оның аудармалары арқылы қазақ оқырманы Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, Иван Крылов және басқа да қаламгерлердің шығармаларымен танысты. Қазақ даласының дәстүрін, Шығыс әдебиеті мен орыс және Еуропа мәдениетін сабақтастыра отырып, Абай ұлттық әдебиеттің таным көкжиегін едәуір кеңейтті.

Абай музыка мәдениетінде де өшпес із қалдырды. Оның әндері ұлттық мұраның бір бөлігіне айналды. Ақынның өлеңдері әлі күнге дейін сахнада орындалып, мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылады, шет тілдеріне аударылып, Қазақстаннан тыс жерлерде де жарық көріп келеді.

АҚЫН МҰРАСЫ УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН БАҒАЛЫ

Абай күнінің негізгі шараларының бірі Өскемендегі Республика алаңындағы хакім ескерткішінің алдында өтті. Ақынның туған күніне орай облыс басшылығы, зиялы қауым өкілдері, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері, өнер майталмандары, ақындар мен жазушылар жиналды.

Абай өз дәуірінің шындығын айтып қана қойған жоқ. Ол елдің ертеңін ойлап, ұрпақтың қандай болуы керектігін де айқындап берді. Шарада облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов Абай мұрасының уақыт өткен сайын маңызы арта түсетінін атап өтті.

– Заманалар ауысып, дүние дидары күнде өзгерсе де, халқымыздың Абайға деген құрмет сезімі еш кемімейді, – деді аймақ басшысы.

Нұрымбет Сақтағанов өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайды дәріптеу арқылы ұлттық сананы нығайтуға, ел бірлігін бекемдеп, қоғамның рухани кемелдігін арттыруға ерекше мән беріп отырғанын атап өтті.

Шын мәнінде, Абай мұрасы – өткеннің ғана еншісі емес. Оның «бес дұшпаннан» бойды аулақ салып, «бес асыл іске» ұмтылуға шақырған ойлары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Облыс әкімі бүгінгі ұрпақтың Абай мұрасының түп-тамырынан нәр алып, рухани әлемін байыта түсуі маңызды екенін айтты.

– Туған елін Абайша сүйіп, Абайша күйсе, пайданың емес, ардың жүгін көтерсе, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекке бой алдырса, бағындырар шыңы биік болады, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Абайдың өзі «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деп адам баласын татулық пен ізгілікке үндеді. Оның шығармаларындағы ойдың салмағы да осында – жеке адамның кемелдігін елдің кемелдігімен сабақтастыра білуінде.

– Абайды бүкіл әлемде ұлықтап жатса да, жеткіліксіз деп ойлаймын. Өйткені өміріміз бен тіршілігімізді Абай өлеңдері, шығармаларының мазмұнына сәйкес тәрбиелеуіміз керек. Хакімнің өлеңдері алғаш поляк тіліне аударылды. «Неге бірінші сол тілге аударылды?» деп өзіме сұрақ қойдым. Олардан «ұрпағымызды Абай шығармашылығымен тәрбиелесек» деген жауап алдым. Бізге де сондай бетбұрыс керек. Абай қазақсыз, қазақ Абайсыз болмайды. Тағдырымыз хакім үніне және «Толық адам» идеясына байланған, – дейді С.Аманжолов атындағы ШҚУ профессоры Сләмбек Оразалин.

Хакім армандаған білімді, еңбекқор, бірлігі бекем қоғамды қалыптастыру – бүгінгі ұрпақтың да ортақ міндеті. Ал Абай сөзі сол жолда бағыт-бағдар беретін рухани темірқазық болып қала береді.

АБАЙДЫҢ ТҰҢҒЫШ КІТАБЫНА АРНАЛҒАН ФИЛЬМ

Елімізде Абайдың тұңғыш шығармалар жинағының жарыққа шығу тарихына арналған «Алғашқы кітап» деректі фильмі таныстырылды.

Абай күні аясында Алматыда «Абай әлемі» музыкалық-поэзиялық кеші ашық аспан астында ұйымдастырылды. Іс-шараға мыңдаған көрермен қатысып, фильм көрсетілімімен қатар театрландырылған қойылымдар ұсынылды. Ақынның өлеңдері оқылып, әндері орындалды.

«Алғашқы кітап» докудрама жанрында түсірілген. Туындыда 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Ілияс Бораганскийдің баспаханасында жарық көрген Абай шығармалары тұңғыш жинағының тарихы баяндалады.



Фильмде ақын мұрасын жинақтау, шығармаларын баспаға дайындау және кітапты жарыққа шығару барысы көрсетіледі. Сондай-ақ жинақты басып шығаруға атсалысқан тұлғалар мен сол кезеңдегі қиындықтар туралы айтылады.

«Алғашқы кітап» деректі фильмі «Хабар» және «Алматы» телеарналарында көрсетіледі.

АБАЙДЫ ҰЛЫҚТАУ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Шығыс Қазақстан сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығында ұлы ақынның туған күніне арналған «Абай мұрасымен мәңгілікке» атты танымдық шара өтті. Кездесуде Абайдың шығармашылығы мен ой-тұжырымдары сөз болып, келушілерге ақын мұрасын жаңа қырынан танытатын мазмұнды бағдарлама ұсынылды.

Мұндай шара музей-қорықта жыл сайын өткізіліп келеді. Алайда оның форматы мен өтетін орны әр жолы өзгеріп отырады. Бір жылы шара сол жағалаудағы кешенде ұйымдастырылса, енді бірінде этноауылдағы Жидебайда орналасқан Абай үйінің дәлме-дәл көшірмесінде өткен. Ол кезде келушілерге экскурсия ұйымдастырылып, ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты көріністер көрсетілген.

Музей қызметкері Назым Гарифқызының айтуынша, шараның форматы әртүрлі болғанымен, негізгі мақсат өзгермейді. Ол – Абай мұрасын кейінгі буынға жеткізу.

– Біз бұл шараны жыл сайын өткіземіз. Негізгі мақсатымыз – Абайды тек ақын ретінде ғана емес, ғұлама ғалым, ойшыл, композитор әрі ұлт руханиятына үлкен үлес қосқан тұлға ретінде таныту. Оның қалдырған мұрасын келер ұрпаққа жеткізу – біздің басты міндетіміз. Сондықтан шараның қай жерде немесе қандай форматта өткені емес, Абай шығармашылығын жастарға насихаттау маңызды, – дейді музей қызметкері.

Өткен жылдары мұндай кездесулер мәдениет мекемелерінде де ұйымдастырылып, кітап және домбыра көрмелері өткізілген. Ал бүгінгі шарада Абайдың әдеби мұрасы мен ойлары кеңінен сөз болып, қатысушылар ақын шығармаларына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Кездесуде Абайтану мәселесіне де ерекше мән берілді. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің «Абайтану» зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Айжан Маратқызының айтуынша, ақын мұрасын бір ғана мерекелік күнмен шектеуге болмайды.

– Баршаңызды Абай күнімен құттықтаймын! Өскеменде Абайға арналған көптеген шара өтіп жатыр. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың қатысуымен ақын ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Сонымен қатар С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде Абайдың «Толық адам» ілімі мен «Адал азамат» тақырыбына арналған ғылыми семинар ұйымдастырылды. Осындай тағлымды шаралар көп болуы керек, – деді ғалым.

Абайдың «Толық адам» туралы ойлары бүгінгі қоғам үшін де өзекті. Ғалымның сөзінше, қазіргі тәрбие мен білім беру жүйесінде қолға алынып жатқан «Адал азамат» тұжырымдамасының негізінде де ақынның адамгершілік пен әділет туралы ұстанымдары жатыр.

Абай адамды ұлтына, нәсіліне немесе әлеуметтік жағдайына қарап бөлмей, адамзатты сүюге үндеді. Оның шығармаларындағы әділет, білім, еңбек, адамгершілік пен жауапкершілік туралы ойлар уақыт өткен сайын өз маңызын жоғалтқан жоқ.

– Абайдың ілімін тек Абай күнінде немесе ақынның туған күнінде ғана еске алып қою жеткіліксіз. Оның айтқан ойларын күнделікті өмірде ұстану маңызды. Абай ең алдымен адамды сүюді, әділетті бағалауды, білім мен парасатқа ұмтылуды үйретті. Бүгінгі қоғамға



туған күні кеңінен аталып өтті

да парасатты ұрпақ, әділетті орта және адал азамат керек. Сондықтан Абайдың осы ұстанымдарын кейінгі буынға жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз, – деді Айжан Маратбекқызы.

Ұлы ойшылдың шығармаларын оқу, оның айтқанын түсіну және күнделікті өмірмен байланыстыру арқылы ғана ақын мұрасы кейінгі ұрпаққа шынайы жетпек.

ҰЛЫ АҚЫН МҰРАСЫ ЖАҢА ҚЫРЫНАН ТАЛҚЫЛАНДЫ

10 тамыз – Абай күніне орай Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында «Атымды Абай қойған соң...» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Абай мұрасын ұлықтауға арналған мазмұнды шара барысында ұлы ойшылдың шығармашылығы мен тағылымды мұрасы кеңінен дәріптелді.

Мерекелік жиында өлкетанушы, этнограф Ермек Кәрімбекұлы Абай мұрасы туралы тағылымды ой-пікірлерімен бөлісті. Ал ақын Назым Тауфикова ұлы ақынға арнаған жүрекжарды жырын оқып, көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Шара барысында Гүлзат Хасенова мен Толқын Уызбаеваның орындауында Абай әндері шырқалды. Кітапхана жастары қазақ, орыс, ағылшын және өзге де тілдерде ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып, Абай шығармаларының әлемдік деңгейдегі құндылығын айшықтай түсті.

Мерекелік бағдарлама аясында келушілерге арналған бірнеше танымдық әрі шығармашылық алаң жұмыс істеді. Қонақтар «Абайды оқы, таңырқа!» кітап көрмесімен танысып, «Қара сөз» алаңында ұлы ойшылдың нақылдары жөнінде пікір алмасты. Ал «Абайға хат» бұрышында ақынға арналған жүрекжарды лебіздерін жазды.

Сондай-ақ қатысушылар «Мен бір жұмбақ адаммын...» интеллектуалдық ойынына қатысып, «Ашық микрофон» алаңында Абайдың өлеңдері мен өз шығармаларын оқыды. Балаларға арналған шығармашылық кеңістікте сурет салып, ақын өлеңдерін жатқа айтты. Кітапханаға жаңадан тіркелген оқырмандарға естелік сыйлықтар табысталды.

Мерекелік шарадан кейін «Жаһандану заманындағы Абайды танытудың жаңаша бағыттары» атты әдеби ринг ұйымдастырылды. Оған «Төр Алтай» клубының мүшелері қатысты.

TED форматында өткен әдеби пікірталаста қатысушылар «TikTok-та Абайды насихаттау заман талабы ма?», «Қазіргі жастар Абайды түсінбейді ме, әлде біз дұрыс түсіндіре алмай жүрміз бе?», «Жасанды интеллект Абайды алмастыра ала ма?», «Абай бүгін өмір сүрсе, қандай тақырыптарды көтерер еді?» деген өзекті сауалдарды талқылады.

Қатысушылар өз көзқарастарын ортаға салып, ұлттық руханиятты заманауи форматта насихаттаудың тың идеяларымен бөлісті.

Абай күніне арналған тағылымды шара ұлы ақын мұрасының өміршеңдігін тағы бір мәрте айғақтап, оқырмандарды кемеңгер ойшылдың шығармаларымен жақындастыра түсті.

Абай сөзі – халықтың рухани темірқазығы. Оны насихаттау – өткенге құрмет қана емес, болашаққа бағдар.

«АБАЙ ЖОЛЫНЫҢ» АЛҒАШҚЫ БІР БАСЫЛЫМЫ ШЫҒЫСТА САҚТАУЛЫ

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасында Мұхтар Әуезовтің 1942 жылы жарық көрген «Абай жолы» романының алғашқы басылымдарының бірі сақтаулы. Қазақ әдебиеті тарихы үшін құнды бұл кітап бүгінде ғылыми зерттеулерге дереккөз ретінде пайдаланылып келеді.

Университеттің «Абайтану» ғылыми-зерттеу институты Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын зерделеу, оның рухани және ғылыми құндылығын насихаттау, сондай-ақ ұлы ойшылдың идеяларын білім беру үдерісіне енгізу бағытында жұмыс жүргізіп келеді.


Сирек басылым ғылыми ізденістерге де арқау болған. Университет магистратурасының түлегі Эльмира Орманбек диссертациялық жұмысы аясында «Абай жолының» 1942 жылғы нұсқасын кейінгі басылымдарымен салыстырып, мәтіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын зерттеген. Зерттеу нәтижелері 10-11 сынып оқушыларына ғылыми монографиялар, оқу-әдістемелік құралдар мен жинақтар әзірлеп, ақын шығармашылығын зерттеуге және насихаттауға бағытталған жобаларды жүзеге асырып келеді.

Сирек қордағы тарихи басылымдарды ғылыми айналымға енгізу әдеби мұраны сақтауға ғана емес, оны жаңа зерттеулермен сабақтастыруға да мүмкіндік береді. Университет кітапханасында сақталған 1942 жылғы «Абай жолы» басылымы – Абай мұрасы мен Мұхтар Әуезов шығармашылығын зерттеудегі құнды дереккөздердің бірі.



Абай мұрасын тереңірек танытуға бағытталған оқу үдерісінде қолданылып келеді.

«Абайтану» ғылыми-зерттеу институтының директоры Айжан Картаеваның айтуынша, Абай мұрасын зерттеу бірнеше ғылыми және білім беру бағытын қамтиды. Университет ғалымдары



Абай ілімі – рухани шамшырағымыз, айнымас темірқазығымыз. Ақын жұртшылықты толғандыратын көкейкесті мәселелерді бүкпесіз айтып, халқымызды бейқамдық пен жалқаулықтан аулақ болуға шақырды. Хакімнің «Толық адам» идеясы – мазмұны терең тұжырым. Биыл Абай күні елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды өзгерістермен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстанның Халық Конституциясы заңды күшіне еніп, биліктің барлық институтын түбегейлі жаңғырту үдерісі басталды. Көп ұзамай ел тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бір палаталы Парламент реформаларды сапалы әрі тиімді жүзеге асыруға тың серпін беретіні сөзсіз. Біз қоғамда жаңа этиканы қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және гуманистік идеалдарды дәріптеу барысында әрдайым Абайға жүгінеміз. Абай қара сөздерінің тағылымы қазіргі Қазақстанның құндылықтарымен толық үндеседі. «Адал Азамат», «Таза Қазақстан», «Заң мен Тәртіп» тұғырнамалық идеялары – Абай армандаған берекелі қоғамның берік негізі. Сондықтан біз әділетті, озық әрі қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз.

Қасым-Жомарт Тоқаев,
Қазақстан Республикасының президенті

АСТАНАДА ХӘКІМГЕ ТАҒЗЫМ ЖАСАЛДЫ

Елордада Абай күніне орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Бұл күні қала жұртшылығы мен әкімдік өкілдері ұлы ақын әрі ойшыл Абай ескерткішінің алдына жиналды.

– Жыл сайын 10 тамызда Абайдың рухына тағзым етіп, ескерткішіне гүл қою үшін осында жиналамыз. Абай – қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі, әлемге танымал әрі құрметті ойшыл, ақын және ағартушы. Бүгін мұнда қаланың мемлекеттік органдарының өкілдері, зиялы қауым және жазушылардың қатысуымен еске алу рәсімі өтуде. Абай мұрасы ондаған жылдар өтсе де өзектілігін жоғалтпай, оны зерттеп, зерделеу жалғаса береті-



ніне сенімдімін. Сонымен қатар елорда бойынша қазақ халқының ұлы ойшылының мұрасына арналған бірқатар кездесулер мен мәдени іс-шаралар ұйымдастырылды, – деді Астана қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

Салтанатты рәсімде қала әкімдігінің, ардагерлер ұйымдарының және шығармашылық ұжымдардың өкілдері ескерткіш тұғырына гүл шоқтарын қойды.

Ескерткіш жанында аға буын өкілдерінен құралған вокалдық-этнографиялық ансамбльдердің орындауында Абайдың шығармалары мен оның «Қара сөздерінен» үзінділер оқылды.

Айта кетейік, мерекеге орай республика бойынша 350-ден астам мәдени, ғылыми-танымдық, білім беру және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бүгінде Абай мұрасы тек өз дәуірінің ескерткіші ретінде қабылданбайды. Оның білім, еңбек, адамдық қадір-қасиет, жауапкершілік пен қоғамның дамуы туралы ойлары арада бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Абайдың есімімен көшелер, мектептер, кітапханалар, театрлар, университеттер және басқа да мекемелер аталады. 1995 жылы ақынның туғанына 150 жыл толуы ЮНЕСКО аясында аталып өтті. Бұл оның мұрасының халықаралық деңгейде мойындалғанын көрсетті.

Абай күні – қоғамды үнемі алға ұмтылуға, білім іздеуге, өзіне және айналасындағы дүниеге сын көзбен қарауға шақырған тұлғаны еске алатын күн. Сондықтан Абай шығармашылығы қазіргі Қазақстанның мәдени және зияткерлік өмірінің маңызды бөлігі болып қала береді.

#БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Аграрлық сектор техникамен жаңарып жатыр

Айдос МЫРЗАХМЕТОВ
Ринат ЖҰМАҒҰЛОВ

Шығыс Қазақстанда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың нақты нәтижесін көзбен көруге мүмкіндік туды. БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз тур барысында журналистер жеңілдетілген қаржыландырудың арқасында өндірісін жаңғыртып, техника паркін жаңартқан өңір кәсіпорындарының жұмысымен танысты.



Ауыл шаруашылығын дамыту бүгінде тек егін егіп, мал өсірумен ғана өлшенбейді. Саланың табысты болуы заманауи техникаға, қолжетімді қаржыға және тиімді мемлекеттік қолдау тетіктеріне тікелей байланысты. Осы бағыттағы жұмыстардың өңірдегі нақты көрінісін көрсету мақсатында ұйымдастырылған баспасөз турында мемлекеттік бағдарламалардың іс жүзіндегі нәтижесі сөзден іске көшкені байқалды.

ӨНДІРІС ҚУАТЫН АРТТЫРҒАН ЖАҢА ТЕХНИКА

Алғашқы нысан – Глубокое ауданындағы Секисовка ауылында орналасқан серіктестік. Кәсіпорынға шетелдік өндірістегі бес бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін жылдық 12,6 пайыздық мөлшерлемемен 900 миллион теңге көлемінде қаржыландыру берілген. Бұл инвестиция шаруашылықтың өндірістік әлеуетін күшейтіп, маусымдық жұмыстардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік берген. Кәсіпорын 2018 жылы құрылған. Бүгінде оның қарамағында 4 300 гектар егістік жер бар. Егіс көлемі артқан сайын өнімділігі жоғары әрі сенімді техникаға деген сұраныс та өсе түскен.

– Жер көлемі ұлғайған сайын бұрынғы техникамен жұмыс істеу қиындайды. Сондықтан біз өндірістік қуатты арттыратын жаңа шешімдер іздей бастадық. Соның нәтижесінде шынжыр табанды трактор сатып алу туралы шешім қабылдадық, – дейді шаруашылық басшысы Даниил Байбулатов.

Кәсіпорын таңдаған техника – шынжыр табанды қуатты трактор. Оның басты артықшылығы – топыраққа түсетін қысымды барынша азайтуы.

Дәстүрлі доңғалақты техникалармен салыстырғанда шынжыр табанды трактор жерді таптамайды. Соның арқасында топырақтың құрылымы бұзылмай, ылғал жақсы сақталады. Жаңа техниканың тиімділігі алғашқы маусымның өзінде байқалған. Бұрын бір ауысымда күнбағыс егілетін алқаптың шамамен 80 гектары ғана дайындалса, жаңа трактордың көмегімен бұл көрсеткіш 170 гектарға дейін жеткен. Сонымен қатар, жаңа культиватор қолданылғаннан кейін топырақты терең өңдеу қажеттілігі азайған.

– Бұрын жердің қатты нығыздалуына байланысты культиваторды тереңірек жіберетінбіз. Соның салдарынан топырақ араласып, ылғал жоғалатын. Қазір трактор жерді таптамайды, сондықтан культиватор небәрі бес сантиметр тереңдікте жұмыс істейді. Бұл – ылғалды сақтауға мүмкіндік береді, – дейді кәсіпорын жетекшісі.

ЦИФРЛАНДЫРУҒА БЕТ АЛҒАН ШАРУАШЫЛЫҚ

Баспасөз турының екінші кәсіпорында мемлекеттік қолдаудың тағы бір маңызды тетігі – жеңілдетілген ВБИ бағдарламасы жүзеге асырылған. Соның аясында кәсіпорын отандық өндірістегі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға шамамен 1,2 миллиард теңге көлемінде қаржы алған. Несие мөлшерлемесінің небәрі 5 пайыз болуы ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қолжетімді қаржыландырудың маңызын айқын көрсетеді.

Шаруашылық өз жұмысын 2012 жылы небәрі мың гектар жерден бастаған. Бүгінде егістік көлемі он есе ұлғайып, 10 мың гектарға жеткен. Кәсіпорынның даму жолы біртіндеп қалыптасқанымен, алғашқы жылдары техниканың тозуы өндіріс қарқынына айтарлықтай әсер еткен.

– Біз шаруашылыққа келгенде ескі техника өте көп болды. Жөндеу жұмыстары тоқтамайтын. Сол жылы мемлекет қолжауымен алғашқы комбайнымызды сатып алдық. Содан бері техниканы жыл сайын жаңартуды басты қағидаға айналдырдық, – дейді шаруашылық басшысының орынбасары Серікбек Садықов.

2016 жылы инвестициялық субсидиялау бағдарламасының іске қосылуы бұл үрдіске тың серпін берген. Соның арқасында кәсіпорын техника паркін жүйелі түрде жаңартып келеді. Биылдың өзінде тағы екі жаңа комбайн сатып алынуда.

Заманауи тракторлар мен комбайндар автопилот жүйелерімен жабдықталған. Егістік жұмыстары дәлме-дәл есеппен орындалады, тыңайтқыштар дифференциалды түрде енгізіледі, ал өнімділік бұрынғы техникалармен салыстырғанда бес, он есе артқан.

– Бұрын механизатор деп айтатынбыз, қазір оператор дейміз. Оның міндеті – техниканы басқарудан бұрын процесті бақылау. Сондықтан цифрлық технологияларды меңгеру маңызды, – дейді Серікбек Садықов.

Соңғы он жылда ауылдан жаппай көшу тоқтап, керісінше жас мамандарды тарту жұмысы жолға қойылған. Мектеп бітірген түлектер жоғары оқу орындарын тәмамдағаннан кейін туған ауылына оралып, еңбекке араласуда.

ТЕХНИКА ЖАҢАРТУҒА ҚОЛАЙЛЫ ШАРТ

Мемлекет тарапынан ұсынылатын қаржылық құралдар, бағдарламалардың мүмкіндіктері мен ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген шарттармен сатып алу жолдары жөнінде, компания мамандары мәлімдеді.

– Биыл қаржыландыру көлемі өткен жылмен салыстырғанда шамамен 20 пайызға өскен, – дейді «КазАгроКаржы» АҚ ШҚОФ директоры Мақсат Байгелді. – Соңғы жылдары компания қызметі толық цифрлық форматқа көшіріліп, өтінім беру тәртібі едәуір жеңілдетілген. Егер екі жыл бұрын фермерлер филиалға жеке келіп, құжаттарды қағаз түрінде тапсырып, жобаның қаралуын шамамен екі апта күтетін болса, бүгінде бұл үдеріс әлдеқайда жылдам. Қазір шаруашылықтар өтінімді қашықтан жолдай алады. Ол үшін компьютер мен ең аз құжаттар пакеті жеткілікті. Төрт негізгі құжат ұсынылған жағдайда өтінім небәрі 5-7 минут ішінде қаралады.

Компания ауыл шаруашылығы өндірушілеріне бірнеше қаржыландыру бағдарламасын ұсынып отыр. Олардың қатарында жылдық 5 пайыздық мөлшерлемемен берілетін жеңілдетілген лизинг, шамамен 6 пайыздық мөлшерлемемен жүзеге асырылатын «Қазақстанда жасалған» және Өнеркәсіпті дамыту қорының (ФРП) жобалары бар. Ал шетелдік өндірістегі ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу үшін қаржыландыру жылдық 12,6 пайыздық мөлшерлемемен ұсынылады.

Қаржыландыру мерзімі жеті жылға дейін қарастырылған. Бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қаржылық жүктемені тиімді жоспарлап, техниканы кезең-кезеңімен жаңартуға мүмкіндік береді. Биыл алғашқы жеті айда жалпы құны 15,6 миллиард теңгені құрайтын 507 бірлік ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландырған. Оның ішінде жеңілдікті бағдарламалар арқылы 12,5 миллиард теңгеге отандық өндірістегі 382 техника сатып алынған.

#ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Биыл дикандар суармалы сумен толық қамтылды

Роксана ГЛЫБОВА
редакция мұрағатынан

Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер вегетация кезеңінде суармалы сумен толық қамтамасыз етілді.

Ертіс өзені бассейнінде үшінші жыл қатарынан судың аз болғанына қарамастан, қолда бар су қоры суару маусымын тұрақты өткізуге жеткілікті. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ертіс бассейндік су инспекциясы басшысының орынбасары Ернар Мәдиев мәлімдеді.

Оның айтуынша, суару маусымына дайындық өткен жылдың соңында басталған.

– «Қазсушар» РМК Шығыс Қазақстан филиалымен бірлесіп су қоймаларында су жинау, гидромелиорациялық жүйелерді дайындау, биллинг жүйесі арқылы су пайдаланушылармен электрондық келісімшарттар жасау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар фермерлерге су ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды, – деді Ернар Мәдиев.

2026 жылға арналған жоспарға сәйкес Шығыс Қазақстан облысындағы Ертіс өзені бассейнінде тұрақты суару үшін 100 млн текше метр су пайдалану лимиті бекітілген. Жедел мәліметтерге сәйкес бүгінге дейін 9,1 мың гектардан астам суармалы жер сумен қамтамасыз етілген. Осы мақсатқа 38,9 млн текше метрге жуық су жұмсалған.

Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысындағы ірі су қоймаларында 37,35 млрд текше метр су жиналған. Бұл олардың жобалық сыйымдылығының 74,14%-ын құрайды.



#OSKEMEN LIFE 3.0

Өскеменнің жазғы кеші ерекше әсер сыйлады

Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
автордікі

Облыс орталығы бір күнге әдеттегі қарбаласты ұмытып, тұрғындар еркін серуендеп, музыка тыңдап, шығармашылықпен айналысып, отбасымен уақыт өткізетін ортақ мекенге айналды. Қала көшелеріндегі көңіл күйді балалардың күлкісі, сазды әуендер мен көрермендердің қошеметі толықтырды. Дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан OSKEMEN LIFE 3.0 фестивалі қала тұрғындарын тағы бір мәрте ортақ алаңға жинады.

Фестивальдің басты ерекшелігі – оның бір ғана аудиторияға немесе бір ғана бағытқа арналмағаны. Мұнда баласын ерткен ата-ана да, шығармашылыққа қызығатын жас та, спортпен айналысатын тұрғын да, жай ғана кешкі серуенге шыққан қала қонағы да өзіне қызықты дүние таба алды. Бір жерде балалар жарысқа қатысып жатса, екінші алаңда суретшілер өз жұмыстарын таныстырып, енді бір жерде музыка әуені қалықтап тұрды. Фестивальге келген жұрт алдымен түрлі алаңдарды аралап, өзіне ұнаған белсенділіктерге қатысып, кейін музыкалық бағдарламаға ауысты. Сондықтан мерекелік көңіл күй бір сәтте пайда болып, қайта басылған жоқ. Күннің әр мезгілімен бірге фестивальдің тынысы да өзгеріп отырды.

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАУДАН БАСТАЛДЫ

Фестивальдің алғашқы бөлігінде балаларға ерекше көңіл бөлінді. Бүлдіршіндер самокат жарысында бақ сынап, жылдамдық пен ептілігін көрсетті. Бірі мәреге бірінші жетуге тырысса, енді бірі жарыстың өзінен ләззат алып, қатарластарымен бірге уақыт өткізді. Балалар үшін тағы бір қызықты алаң – асфальтқа сурет салу болды. Түрлі түсті борлардың көмегімен қарапайым жол беті балалардың қиялына арналған үлкен кеңістікке айналды. Ойын аймағында да адам қарасы үзілмеді. Күш өлшейтін құрылғыларда өз мүмкіндігін сынағандар, турникке тартылғандар, басқаруы өзгеше велосипедтерді жүргізіп көргендер болды. Түрлі кедергілерден өтуге арналған ойындар балалардың белсенділігін арттыра түсті. Балалардың қызығушылығын аниматорлар мен мимдер де қыздыра түсті. Түрлі кейіпкерлердің киімін киген өнерпаздар фестиваль аумағында жүріп, балалармен сөйлесіп, суретке түсіп, олардың көңілін көтерді. Әсіресе Өрмекші адам кейіпіндегі аниматор бүлдіршіндердің назарын аударған.

Фестивальге отбасымен келген қала тұрғыны Ульяна Бурковская шараның осы қырына тоқталды.

– Отбасыммен серуендеп жүріп, музыканы естіп, осы жерге келдік. Сөйтсек, мұнда фестиваль өтіп жатыр екен. Бізге бәрі ұнады. Қала тұрғындары үшін отбасымен бірге уақыт өткізіп, демалып, көңіл көтеруге жақсы мүмкіндік деп ойлаймын. Жанды музыка, тамақтанатын орындар, аниматорлар – бәрі жақсы ұйымдастырылған. Маған, әсіресе, Өрмекші адам кейіпіндегі аниматор ұнады. Балалар да мәз болып, суретке түсіп, көңіл көтеріп жүр. Жаз мезгіліне өте жақсы ойластырылған шара екен, – деді ол.

ӨНЕР, ОЙЫНШЫҚТАР МЕН КІТАП МЕРЕКЕСІ

OSKEMEN LIFE 3.0 бағдарламасының тағы бір маңызды бөлігі – шығармашылық алаңдар болды. Мұнда қолөнершілер мен түрлі бағытта жұмыс істейтін креаторлар өз бұйымдары мен еңбектерін көпшілік назарына ұсынды. Келушілер дайын жұмыстарды тамашалап қана қоймай, олардың қалай жасалатынына да назар аударды. Қол еңбегінің нәтижесін көзбен көру, авторлармен әңгімелесу фестивальді қарапайым жәрмеңкеден әлдеқайда ерекшелендіре түсті. Суретшілер аллеясы да өнерді жақыннан сезінуге мүмкіндік берген орындардың бірі болды. Мұнда шығармашылық адамдар өз жұмыстарын таныстырып, келушілермен пікір алмасты.

Шараның көпшіліктің көңілінен шыққан бастамаларының бірі – кітап пен ойыншық алмасу орындары болды. Кітап алмасу алаңына тұрғындар өздері оқып болған, бірақ үйінде сақтаулы тұрған кітаптарын әкелді. Оның орнына өзіне қызықты басқа басылымды таңдап алуға мүмкіндік болды. Осылайша, бір адамның үйінде ұзақ уақыт тұрған кітап басқа оқырманның қолына қайта түсті. Ойыншық алмасу орны да осыған ұқсас қағидамен жұмыс істеді. Балалар пайдаланбайтын ойыншықтарын әкеліп, басқа балаға қуаныш сыйлап, өздері де жаңа ойыншыққа ие болды. Аталған алаңдар фестивальдің ойын-сауықтан бөлек, күнделікті өмірге пайдалы қарапайым бастамаларды да қамтығанын көрсетті.

Өйткені кейде қажетсіз болып қалған затты лақтырып жібермей, оны басқа адамға беру – өз алдына жақсы әдет.

ТЫНЫШТЫҚ ІЗДЕГЕНДЕРГЕ ДЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

Фестивальде тыныштықты қалайтын тұрғындарға да арнайы орын қарастырылды. Йога аймағында келушілер денесін сергітіп, біраз уақыт тыныштықта болуға мүмкіндік алды. Қала ортасындағы әдеттегі қарбаластың арасында осындай бұрыштың болуы фестиваль бағдарламасын ерекшелей түсті.

Трансформациялық ойындарға арналған алаңда қатысушылар түрлі тапсырмалар арқылы өзара қарым-қатынас жасап, жаңа тәжірибе жинады. Мұндай ойындар адамның өзіне және айналасындағыларға басқа қырынан қарауына мүмкіндік беретін формат ретінде ұсынылды. Осылайша фестивальге келген әр адам міндетті түрде бір жарысқа қатысуы немесе концерт көруі шарт емес. Бірі йогамен айналысты, бірі кітап алмастырды, енді бірі суретшілер аллеясын аралады. Ал кейбірі жай ғана отбасы немесе достарымен бірге серуендеп, қаланың жазғы кешін тамашалады.









ЖҰЛДЫЗДЫ АСПАН АСТЫНДАҒЫ КЕШ

Күн еңкейген сайын фестивальдің жалпы ырғағы да өзгере бастады. Күндізгі ойындар мен шығармашылық алаңдардың белсенділігі біртіндеп музыкалық бағдарламаға ұласты. Караоке аймағында қала тұрғындары сүйікті әндерін орындап, бір-біріне қолдау көрсетті. Мұнда кәсіби әнші болу міндетті емес еді. Ең бастысы – ортаға қосылып, көпшілікпен бірге ән айту. TikTok алаңы да жастардың қызығушылығын тудырды. Келушілер түрлі бейнежазбалар түсіріп, фестивальдегі әсерлі сәттерін әлеуметтік желідегі парақшаларына жүктеуге асықты. Естелікке суретке түсетін арнайы фотоаймақ та орналасты. Ал «Көше әндері» алаңындағы гитарамен орындалған әуендер кешкі қалаға бөлек бір тыныс берді. Музыкамен қатар диджейлердің бағдарламасы да жалғасты. Әуен ырғағы күшейген сайын басты сахна маңындағы көрермендер саны арта түсті. Күндіз әр жерге бөлініп жүрген жұрт кешке қарай бір сахна маңына жинала бастады. Осы сәтте фестивальдің бірнеше сағат бойы қалыптасқан ортақ көңіл күйі бір жерге тоғысқандай әсер қалдырды.

Кешкі концерттің басты қонағы танымал әнші Жігер Ауыпбаев болды. Өнерпаздың сахнаға шығуы музыкалық бағдарламаның көптен күткен сәтті еді. Көрермендер әншінің орындауындағы танымал әндерге қосылып, кешті көтеріңкі көңіл күймен жалғастырды.

Фестивальдің кешкі бағдарламасын ерекше әсерге бөлеген тағы бір мүмкіндік – телескоп арқылы аспан әлемін тамашалау болды. Күндізгі фестиваль түнге қарай жұлдыздарды тамашалауға ұласты. Қала тұрғындары телескоп арқылы аспан әлеміндегі күнделікті өмірде байқала бермейтін таңғажайып дүниеге қызығушылық танытты.

Осымен үшінші рет ұйымдастырылған OSKEMEN LIFE фестивалі бұл жобаның қала өміріндегі тұрақты шараларының біріне айналып келе жатқанын аңғартады. Алдыңғы фестивальдерде де музыка, би, шығармашылық, спорт және отбасылық демалыс бір алаңда тоғысқан болатын. Бұл жолы сол бағдарламаға жаңа белсенділіктер мен түрлі демалыс орындары енгізілді. Мерекенің дәстүрлі ұйымдастырылуы оның қала тұрғындары үшін таныс форматқа айналғанын көрсетеді. Басты қуантарлығы, қаланың күнделікті өміріне жаңа өзгеріс енгізуінде. Әдетте адамдар асығып өтетін көшелер бұл күні серуендейтін, кездесетін, сөйлесетін және көңіл көтеретін ортаға айналды. OSKEMEN LIFE 3.0-тің де көздеген межесі осы.

#СӘТІ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Самат Қасенов: Тек қана таланттың өзі жеткіліксіз, өнерге үнемі қолдау қажет

Мәдениет – сахнадағы концертпен немесе мерекелік шарамен шектелмек емес. Бұл саланың аясына өңірдің тарихи жадын сақтау, өнерпазға мүмкіндік беру, ұлттық дәстүрді жаңғырту, туған жердің мәдени келбетін сыртқа таныту секілді бағыттардың бәрі кіреді. Шығыс Қазақстанда бұл саланың тынысы соңғы жылдары бірқатар ірі жобалар мен халықаралық бастамалар арқылы кеңейіп келеді. Бір ғана «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық фестивалінің өзінің маңызы қаншалықты терең әрі жоғары. «Шығыстың аңыз-әпсаналары» арқылы өңірдің тарихи-мәдени жады жинақталып, «Ғасырлық дәстүрлер», «Аламан құрақ – 2026» секілді жобалар ұлттық мұраны жаңа деңгейде танытты. Өскемендегі Орыс драма театрының 90 жылдығы, Астанада сахналанған «Mamma Mia!» мюзиклі, халықаралық аренада танылып жүрген шығысқазақстандық өнерпаздар – осы серпілістің бір бөлігі ғана. Ал алдағы уақытта Марқакөлде дәстүрлі шана, ұлттық шаңғы, ұлттық тағам мен этнографиялық мұраны тоғыстыратын қысқы фестиваль өткізу жоспары бар. Осы және өңірдің мәдени кеңістігіндегі алдағы өзге де өзгерістер туралы облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Самат Қасеновпен әңгімелескен едік.

– Самат Берікболұлы, Шығыс Қазақстан облысындағы әрбір басқарма өңір дамуына өзіндік үлесін қосып жатыр. Бұл тұрғыда мәдениет саласының аясы әлдеқайда кең екені мәлім. Спорттық шаралардан бастап, туризм болсын, жоғары лауазымды қонақты күтіп алуға дейін мәдениет қызметкерлері алдыңғы шепте жүреді. Жалпы, бұл ретте мәдениет қызметкерлерінің еңбегі қаншалықты бағалануда?

– Бұл мәселе тек туризмге ғана қатысты емес, мәдениетпен тығыз байланысы бар кез келген салаға қатысты. Білім, спорт басқармасы болсын, олар өткізетін іс-шаралардың барлығы дерлік мәдениет саласымен, мәдениет басқармасына қарасты мекемелермен тығыз байланыста. Сондықтан мәдениет қызметкерлерінің еңбегі де тиісті деңгейде бағалануы керек.

Өз тарапымнан басқармаға қарасты мекемелерге әртіс, жүргізуші немесе басқа да мәдениет қызметкері қандай да бір іс-шараға қатысса, оның еңбегі үшін тиісті қаламақысы, гонорары қарастырылуы керек екенін айтып жүрмін. Мысалы, дәстүрлі әнші Алпыс Жақияновты туристерді әуежайдан қарсы алып, домбырамен өнер көрсету үшін шақырса, оның еңбегіне ақы төленуі тиіс. Ертең ауыл шаруашылығы күндері өтсе, мәдениет қызметкерлері сол іс-шараға қатысу үшін барады. Мұндай жағдайда да тиісті қаражатты іс-шараны ұйымдастырып отырған тарап қарастыруы қажет.

Іс-шараларын өткізетін басқармалар өз бюджетінде соған қажетті қаржыны алдын ала қарастырғаны дұрыс. Қаражат болмаса, «көрпеге қарай көсілу» керек. Мәдениет қызметкерінің де өзіндік құны, кәсіби мәртебесі болуы тиіс. Өйткені оның еңбегі бағаланбаса, уақыт өте келе сол маманның да, жалпы мәдениет саласының да мәртебесі төмендей береді. Ал мәдениет саласының қызметкерлеріне берілген «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Халық әртісі», «Мәдениет саласының үздігі» сияқты атақтар мен марапаттардың өз салмағы бар. Сол мәртебені іс жүзінде де құрметтеуіміз керек.

– Өңірге соңғы жылдары көптеген танымал жұлдыздар келді. Бұрын «жұлдыздар» деп әртістер мен әншілерді айтсақ, олардың сапына блогерлер де қосылды. Осы жайында әңгіме өрбітсек және жылдың ең елеулі оқиғаларына тоқтала кетсеңіз...

– Жалпы, біздің мақсатымыз – Шығыс Қазақстанның көркем табиғатын, мәдени әлеуетін әлемге таныту. Ертең олардың түсірген материалдарын шетелдік көрермендер де көреді. Сол кезде олар біздің өңірде қандай ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын, қандай мәдени жобалардың жүзеге асырылып жатқанын байқап, Шығыс Қазақстанға деген қызығушылық танытуы керек.

Бүгінде мәдениет саласында көптеген ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Алайда атқарылған жұмысты сапалы көрсетіп, көпшілікке дұрыс жеткізе білу де аса маңызды. Егер жасалған дүниені лайықты деңгейде таныта алмасақ, оның сыны ең алдымен басқарма басшысына келеді.

Әрине, барлық жобаны мен жалғыз өзім жүзеге асырып жатқан жоқпын. Бұл – мәдениет басқармасындағы мамандардың, театрлардың, филармониялардың, кітапханалардың, музейлердің және басқа да мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Олар күнделікті ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Ал біздің міндетіміз – сол еңбекті халыққа және әлемге дұрыс көрсете білу.

– Өңірге қатысты қызықты, әрі бірнеше томдық кітаптардың бірі туған жерге деген танымын тереңдетеді. Сондықтан «Шығыстың аңыз-әпсаналары» – өңірдің тарихи-мәдени жадын сақтайтын маңызды жинақ.

– «Алтай – Түркі әлемінің алтын бесігі» фестивалінен бөлек, балықшылар арасында өткен республикалық байқау да өңір мәдениетінің күнтізбесінде ерекше есте қалды. Жалпы осындай мәдени шараларды өткізудің ауыртпалығы қаншалықты? Қандай күрделі тұстары бар?

– Әрине, ірі мәдени іс-шараларды ұйымдастыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Логистика, қауіпсіздік, инфрақұрылымдық дайындық, қатысушыларды орналастыру, қаржыландыру және ауа райы жағдайлары секілді көптеген факторларды ескеру қажет.

Жалпы, алдағы уақытқа арналған тың жобаларымыз да бар. Бірақ олардың кейбірі әзірге қаржыландыру мәселесіне байланысты жүзеге аспай тұр. Соның бірі – Марқакөл ауданында өткізуді жоспарлап отырған «Шана-шаңғы фестивалі». Бұл жобаның басты ерекшелігі – қазақ дәстүрлі қысқы көлік мәдениетін жаңғырту. Мысалы, бұрын ауқатты адамдар ат жегілген сәнді шаналармен жүрген. Қазіргі тілмен айтқанда, сол заманның ең беделді көлігі деуге болады. Музей қорларында сақталып тұрған осындай көне шаналарды қайта жаңғыртып, көпшілікке арнайы шерумен көрсетуді жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар, фестиваль аясында ұлттық шаңғы спортына да ерекше көңіл бөлінбек. Ертеректе қолданылған, табанына тері қапталған дәстүрлі шаңғылар бүгінде музейлерде ғана сақталған. Алайда мұндай шаңғыларды жасайтын шеберлер әлі де бар. Қазақстанда да, Моңғолияда да, Ресейдің ұлттық аймақтарында да бұл дәстүр толық жоғалып кеткен жоқ. Бұл бір жағынан спорттық сайыс болса, екінші жағынан ұлттық мұраны дәріптейтін мәдени шараға айналады.



«Шығыстың аңыз-әпсаналары» жинағы екені белгілі. Осы кітапты шығару идеясы қалай жүзеге асты және бұл кітаптарда өңірдің қандай тарихи-мәдени мұрасы қамтылған?

– «Шығыстың аңыз-әпсаналары» жинағын шығару Ермек Беделбайұлының тапсырмасымен бастау алған болатын. Соның нәтижесінде өңірге қатысты аңыз-әпсаналар жинақталып, кітап үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді. Былтыр оның екінші томы шықты. Бірінші томда шамамен 40 аңыз қамтылса, екінші томда 70-ке жуық аңыз-әпсана жинақталды. Олардың арасында Рахман қайнарының пайда болуы, Толағай тауы сияқты жер-су атауларына қатысты ел аузында сақталған аңыздар да бар.

Бұл кітаптардың құндылығы – өңірдің көрікті жерлерін, сол жерлердің тарихы мен халық жадында сақталған әңгімелерді бірге таныстыратынында. Мысалы, мен бала кезімде анам кітапханашы болғандықтан, «Балдырған» журналын үйге алып келетінмін. Сонда бір суреттен Толығай тауын көріп, ол бейне бала кезімде жадымда қалыпты. Кейін Тарбағатай ауданына облыс әкімінің инспекторы ретінде барғанымда, Ақжар жақтан өтіп бара жатып, әлгі тауды көрдім. Сол сәтте бала кезімде «Балдырғаннан» көрген тауым көз алдыма қайта келгендей болды. Осындай аңыздар адамның

– Өңірдегі мәдениет саласын дамытуға, өнерпаздар мен мәдениет қызметкерлерін қолдауға облыс басшылығы тарапынан қандай жағдай жасалуда?

– Бұл тұрғыда облыс әкімі руханиятқа, әдебиетке, айтысқа, классикалық өнерге және жалпы мәдениетке етене жақын жан. Бірде маған: «Бар дүниеңді Астанаға апарып көрсетші», – деген еді.

Сол қолдаудың арқасында әлемге танымал «Mamma Mia!» мюзиклін Астанаға апарып, екі сағаттық қойылым ұсындық. Жүзге жуық адамды пойызбен апардық. Жол ақысы, тұратын жері, тамағы, қала ішіндегі көлігіне дейін қарастырылды. «Mamma Mia!» қойылымының кәсіби деңгейін көрген мамандар да жоғары бағасын берді. Әсіресе бишілердің, солистердің жанды дауыста өнер көрсетіп, сахнада қимылдап жүріп ән айтуы – үлкен кәсібилікті талап етеді. Бұл бізге де тәжірибе болды.

Жалпы, Шығыстың өнерпаздары өте талантты. Жастарымыз да, аға буын өкілдері де, аудандар мен ауылдардағы мәдениет ошақтарында еңбек етіп жүрген қызметкерлер де мықты. Бірақ бір таланттың өзі жеткіліксіз, оған қолдау қажет.

Ауылдарда отыз жылға жуық уақыт мәдениет саласында жұмыс істеп жүрген, бірақ басқарманың бірде-бір Алғыс хатын алмаған адамдарды кездестірдік. Оларға кейде көп нәрсе керек емес. Кішкентай ғана мотивация беріп, еңбегін бағалап, арқасынан демеп жіберсеңіз, әрі қарай өздері-ақ қанаттанып кетеді. Мысалы, 21 мамырда екі жүзге жуық адамға арналған іс-шара ұйымдастырдық. Сыртта да, ішінде де концерттік бағдарлама болды. Нұрлан Абдуллин, Мақсат Рахмет сияқты өнер адамдарын шақырдық. Ауылдан келген мәдениет қызметкерлері олармен бірге суретке түсіп, жақсы демалып қайтты. «Осындай демалысқа өз бетімізбен келе алмайды екенбіз», – деп өздері де ризашылықтарын білдірді.

Бұған дейін мәдениет қызметкерлерін Алакөлге апарып, сол жерде түрлі іс-шаралар өткізетінбіз. Таңертең коллегия өтсе, түстен кейін дәстүрлі ән байқауын ұйымдастыратынбыз. Яғни, жұмыс пен демалысты, тәжірибе алмасуды қатар алып жүруге болады. Осындай кездесулердің тағы бір пайдасы – аудандардағы мәдениет қызметкерлері бір-бірімен жақынырақ танысады. Бір-бірінің жұмысын көріп, тәжірибе алмасады. Кейін өз ауданына барып, көрген-білгенін жүзеге асырады.

Соңғы іс-шаралардың бірінде марапаттау рәсіміне де ерекше мән бердік. Әкімнің атынан жиырмаға жуық, басқа да деңгейлерде он беске жуық марапат табысталды. Ауылдардан мәдениет саласының үздіктерін арнайы алып, еңбегін бағаладық. Жалпы, алпысқа жуық адам марапатталды. Көпшілік мұндай көлемдегі марапаттау мен құрметті бұрын-соңды көрмегенін айтты. Біз тіпті дәстүрлі дастарханнан гөрі еркін форматтағы фуршет ұйымдастырдық. Адамдар бір жерде тапжылмай отырмайды, жүріп сөйлеседі, бір-бірімен танысады, пікір алмасады. Осындай қарапайым дүниелердің өзі мәдениет қызметкерлері үшін үлкен моральдық қолдау.

Сондықтан мәдениет саласына қолдау көрсету тек қаржыландырумен шектелмес. Адамның еңбегін бағалау, оған мүмкіндік беру, елге таныту, тәжірибе алмасуына жағдай жасау да – үлкен қолдау. Осы бағытта облыс әкімі Нұрымбет Аманұлы мәдениетке өте жақсы қолдау көрсетіп отыр. Біздің тарапымыздан мұндай қолдауға алғысымыз шексіз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан –
Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

#ДЖИУ-ДЖИТСУ

Алтай арулары Абу-Дабиде намысты қолдан бермеді

Роксана ГЛЫБОВА, Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
Евгений ЩЕТНИКОВ

Абу-Дабиде өткен джиу-джитсудан әлем чемпионаты шығыс-қазақстандық жас спортшылар үшін тарихи белеске айналды. Әлемдік додада Ислана Жұмабекова алтын медаль иеленсе, Амина Жұмабекова күміс жүлдені қанжығасына байлады. Екі спортшының жетістігі – тек жеке жеңіс емес, өңір спортының халықаралық деңгейдегі әлеуетін көрсеткен маңызды нәтиже.

Әлем чемпионатынан елге оралған спортшыларды Өскемен әуежайында туған-туыстары, достары, спорт қауымдастығының өкілдері мен Қасым Қайсенов атындағы джиу-джитсу және грэпплинг академиясының тәрбиеленушілері ерекше ықыласпен қарсы алды. Бұл сәт бірнеше жылдық табанды еңбектің өтеуі іспетті болды.

Жасөспірімдер арасындағы U18 санатында 70 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған Ислана Жұмабекова жарысты үш жеңіспен аяқтап, әлем чемпионы атанды. Әсіресе алғашқы белдесу оңайға соққан жоқ. Ресейлік қарсыласымен негізгі уақытта жеңімпаз анықталмай, бәрі қосымша кезеңде шешілді. Сол сәтте Ислана мінез танытып, 2:1 есебімен басым түсті.

Кейінгі кездесулерде қазақстандық спортшы қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмады. Қазақстандық қарсыласын 9:0 есебімен, ал Индонезия спортшысын 13:0 нәтижесімен жеңіп, алтын медальға лайық екенін дәлелдеді.

Спортшының айтуынша, бұл жеңістің артында бірнеше жылдық табанды еңбек жатыр.

– Жыл басынан бері осы жарысқа тыңғылықты дайындалдық. Бұған дейін Қазақстан чемпионаты мен Азия біріншілігінде бірінші орын алдым. Бірақ 2021 жылдан бері алтын медаль бұйырмай, күміс пен қолаға қанағаттанып жүрдім. Биыл көптен күткен арманым орындалды, – дейді Ислана Жұмабекова.

Ол джиу-джитсуға тоғыз жасында келген. Бұған дейін би үйірмесіне қатысқанымен, кейін жекпе-жек спортына қызығушылығы артып, осы бағытты таңдаған.

– Алғашқы жаттығуға келген күннің өзінде бұл спорттың маған жақын екенін сезіндім. Содан бері осы жолдамын, – дейді әлем чемпионы.

ӘМИНАНЫҢ ЕНШІСІНДЕ КҮМІС МЕДАЛЬ

Әлемдік додада тағы бір шығысқазақстандық спортшы Амина Жұмабекова да жоғары нәтиже көрсетті. Ол 57 келіге дейінгі салмақта күміс медаль жеңіп алды.

Амина жарыс жолында Румыния және Ресей спортшыларын сенімді жеңіп, финалға шықты. Ақтық кездесуде тағы бір ресейлік қарсыласымен күш сынасып, тартысты белдесуде ұпай айырмасымен ғана есе жіберді. Соған қарамастан, әлем чемпионатының күміс жүлдесі – жас спортшының кәсіби жолындағы үлкен жетістік.

Аминаның айтуынша, жарыс кезінде ең үлкен демеу – отбасының сенімі.

– Маған әрдайым ата-анам мен командам қолдау көрсетеді. Қиын сәтте олардың сенімі маған күш береді. Сол қолдаудың арқасында татамиге сенімді шығып, соңына дейін күресе аламын, – дейді ол.



Екі спортшыны да бала күнінен жаттықтырып келе жатқан маман – Сұлтан Ахметов. Оның айтуынша, чемпиондық кездейсоқ келмейді. Әр жеңістің артында жылдар бойғы еңбек, тәртіп пен төзім жатыр.

– Бұл қыздармен он жасынан бері жұмыс істеп келемін. Қазір олардың маңдай терінің нәтижесін көріп отырмыз. Спортта тек физикалық дайындық жеткіліксіз. Ең маңыздысы – өзіңе деген сенім мен үздіксіз еңбек, – дейді жаттықтырушы.

Оның пікірінше, бапкердің міндеті тек нәтиже талап ету емес, спортшыға қиын кезеңде демеу бола білу.

– Спортшы жанында өзіне сенетін адамдар бар екенін сезінсе, кез келген кедергіден өте алады. Сондықтан біз әрдайым қолдау көрсетуге тырысамыз. Командадағы сенім де жеңіске жетелейтін маңызды күштің бірі, – дейді Сұлтан Ахметов.

Биылғы әлем чемпионатына академия құрамында Еркежан Көркем де қатысты. Жас спортшы бұл жолы жүлдеге іліге алмағанымен, халықаралық деңгейдегі алғашқы тәжірибесін жинақтады. Жаттықтырушысы оның алдағы уақытта әлеуетін толық көрсете алатынына сенімді.

Абу-Дабидегі жарыс шығысқазақстандық спортшылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бірі алтын, бірі күміс медальмен елге оралған жас спортшылардың жетістігі – тек жеке жеңіс емес, өңірдегі джиу-джитсу мектебінің де жемісті еңбегінің нәтижесі. Ең бастысы, бұл жеңістер болашақ чемпиондарға жаңа мақсат пен үлкен ерік-жігер сыйлайтыны сөзсіз.

#ПРЕМЬЕР-ЛИГА

«Алтай Өскемен» мен «Қызылжар» ұпайды тең бөлісті

Балауса ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ
Жәнібек ЫРЫСБАЙ

Өскеменде Қазақстан Премьер-лигасының кезекті 21-ші турі аясында «Алтай Өскемен» мен «Қызылжар» командалары арасында кездесу өтті. Алаңдағы тартыс алғашқы минуттардан-ақ байқалып, қос команда да жеңіске бастар жол іздеді. Жанкүйерлер үшін ойын соңына дейін қызықты да тартысты өткенін атап өткен орынды.

Кездесудің алғашқы минуттарынан-ақ екі ұжым да бір-біріне еркіндік бермеуге тырысты. Әрбір шабуылдың артында есеп ашуға деген ұмтылыс тұрды.

«Алтай Өскемен» өз алаңында ойнағандықтан, жанкүйерлердің қолдауын сезініп, белсендірек шабуылдауға тырысты. Алаң иелері үшін бұл кездесудегі әр ұпай маңызды еді. Сондықтан алғашқы минуттардан-ақ есепті өз пайдасына бұруға деген ниет байқалды. Алайда «Қызылжар» жағдайды тиімді пайдаланып, ойынның 45-минутында гол соғып, есепті 0:1-ге жеткізді.

Біздің футболшылар алғашқы таймда есепті теңестіруге мүмкіндік тапқанымен, қарсылас қақпасына жауап гол соға алмады. Осылайша командалар үзіліске қонақтардың пайдасына белгіленген 0:1 есебімен аттанды.



ЕКІНШІ ТАЙМДА «АЛТАЙ ӨСКЕМЕН» АЛҒА ШЫҚТЫ

Үзілістен кейін «Алтай Өскемен» ойынында өзгеріс байқалды. Команда алға қарай көбірек ұмтылып, қарсылас қақпасына қысымды күшейтті. Жанкүйерлер де футболшыларды жігерлендіріп, трибунадан қолдауын жалғастырды. Ізденіс 62-минутта өз нәтижесін берді. Команданың 11-ші нөмірлі шабуылшысы Ибрагим Дадаев қарсылас қақпасынан саңылау тауып, есепті 1:1-ге жеткізді.

Кездесудің 78-ші минуты да жергілікті жанкүйерлер үшін ең қуанышты сәттердің біріне айналды. «Алтайдың» 21-ші нөмірлі жартылай қорғаушысы Никола Ямбор қарсылас қақпасына дәл соққы жасап, команданы алға шығарды, есеп – 2:1. Осы сәтте ойынның бағыты өзгергендей болды. Бірінші таймда 0:1 есебімен ұтылып жатқан «Алтай» 2:1 есебімен алға шықты.

Негізгі уақыт аяқталған соң төреші матчқа тағы үш минут қосты. Өскемендік «Алтай» үшін бұл үш минут жеңісті сақтап қалуға тиіс қосымша уақыт еді. Өкінішке қарай, осы уақыттың алғашқы минутында-ақ «Қызылжар» есепті қайта теңестіріп кетті. Қосымша уақыттың алғашқы минутында соғылған гол алаң иелері үшін ауыр соққы болғаны анық.



ЖАНКҮЙЕРЛЕР ҚОЛДАУЫ МАҢЫЗДЫ

Өскемендік жанкүйерлер есеп қандай болғанына қарамастан, командаға қолдау көрсетуді тоқтатпады.

– Біраз уақыт болды, командамыз, өкінішке қарай, жеңіліп жүр. Ең шешуші сәттерде осалдық танытатыны қынжылтады. Әлі де ширайды, өткен жеңілістерден сабақ алады деп ойлаймыз. Ал біздің командаға деген сеніміміз әрқашан берік. Жерлестерімізге үнемі «Өскемендік Алтай! Алға!» деп қолдау көрсетеміз, – дейді жерлес команданың 16 Legion фан-секторының өкілі Дәулет Бақытбекұлы.

Матчтан кейінгі баспасөз мәслихатында «Алтай Өскемен» клубының бас бапкері Вахид Масудов кездесуді күрделі ойын ретінде бағалады.

– Бұл өте ауыр әрі күрделі матч болды. Соған қарамастан, жігіттерге ризашылығымды білдіру керек. Стандартты жағдайдан гол жіберіп алғаннан кейін олар өздеріне күш тауып, ойын барысын өзгерте алды. Өкінішке қарай, футболда мұндай жағдайлар болып тұрады. Екінші таймның соңында тағы да қиындыққа тап болдық, – деді Вахид Масудов.

Вахид Масудов ойыншыларға жанкүйерлердің қолдауы маңызды болғанын да атап өтті. Оның айтуынша, әсіресе екінші таймда трибунадан көрсетілген қолдау футболшыларға алға ұмтылуға қосымша күш берген.

– Бізді қолдаған жанкүйерлерге үлкен рақмет. Екінші таймда команданы алға қарай жігерлендіріп, соңына дейін қолдау көрсетті. Бұл футболшылар үшін өте маңызды, – деді бас бапкер.

#ТЫҢ БАСТАМА

Түзеу мекемесінде жаңа өндіріс іске қосылды

ШҚО Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

Қылмыстық-атқару жүйесін тек жазаны өтеу орны ретінде қабылдайтын көзқарас біртіндеп өзгеріп келеді. Бүгінде түзеу мекемелерінде еңбекке баулу, кәсіптік машық қалыптастыру және өндірісті дамыту бағытындағы жобалар нақты нәтижесін бере бастады. Соның бір дәлелі – Өскеменде алғаш рет өндірісі жолға қойылған мәрмәр үлгісіндегі заманауи кеспетастың таныстырылуы.

Жаңа өнім қылмыстық-атқару жүйесі департаменті мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен ұйымдастырылған көрмеде көпшілік назарына ұсынылды. Іс-шараға өңір кәсіпкерлері, бизнес қауымдастығының өкілдері және өндіріс саласына қызығушылық танытқан мамандар қатысты.

Көрмеде мәрмәр өрнегімен дайындалған сәндік кеспетас (брусчатка) ерекше назар аударды. Бұл өнім сыртқы келбеті жағынан табиғи тастан кем түспейді, ал өндіріс технологиясы оны құрылыс пен абаттандыру саласында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, мұндай өнімге сұраныс жыл сайын артып келеді. Сондықтан жергілікті өндірістің іске қосылуы импортқа тәуелділікті азайтып, өңірлік нарықты отандық өніммен қамтуға ықпал етеді.

Экспозиция тек жаңа кеспетаспен шектелген жоқ. Келушілер ұлттық нақыштағы ағаш ыдыстарды, мангалдарды, беседкаларды, көгалдандыру мен абаттандыруға арналған түрлі бұйымдарды да тамашалады. Бұл өнімдердің барлығын кәсіпкерлердің жетекшілігімен еңбекке тартылған түзеу мекемелеріндегі сотталған азаматтар жасайды.

Мұндай өндірістердің әлеуметтік маңызы да ерекше. Еңбекке араласқан адам жаңа кәсіп игеріп, өндірістік тәжірибе жинақтайды. Бұл оның жазасын өтегеннен кейін қоғамға бейімделуіне, тұрақты жұмыс табуына және қайта қылмыс жасау қаупін төмендетуге ықпал етеді. Әлемдік тәжірибе де еңбекпен қамтылған сотталғандардың әлеуметтік бейімделуі әлдеқайда нәтижелі болатынын көрсетіп отыр. Бұл бастама – «Заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз етудің маңызды бағыты.

– Бүгінде түзеу мекемелері тек жазаны өтеу орны ғана емес, өндіріс пен кәсіпкерлікті дамытуға ғана емес, сотталған азаматтарды еңбекке баулып, қоғамға қайта бейімдеуге де өз үлесін қосады, – деді қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ресми өкілі Салтанат Ожиканова.

Кездесу барысында өндірісті кеңейту, жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді пайдалану мәселелері жан-жақты талқыланды. Кәсіпкерлер өндірістік алаңдарды кеңейту мүмкіндігіне қызығушылық танытса, қылмыстық-атқару жүйесі жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы еңбекке тартылатын азаматтар санын көбейтуді көздейді.



#ПРОБАЦИЯ

Қашқын жаңа технологияның көмегімен қолға түсті

ШҚО Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті

Бүгінгі таңда құқық қорғау жүйесінде цифрлық технологиялардың мүмкіндігі кеңейіп келеді. Бұрын айлап, кейде жылдап ізделетін азаматтарды анықтау бүгінде заманауи бақылау жүйелерінің көмегімен әлдеқайда жедел жүзеге асады. Облысымызда болған бұл оқиға «Заң және тәртіп» қағидатын қамтамасыз етудегі цифрлық мүмкіндіктердің тиімділігін көрсетті.



Пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған азамат белгіленген талаптарды бірнеше мәрте бұзған. Ол тіркеуге келмей, тұрғылықты мекенжайында болмай, пробация инспекторларының бақылауынан әдейі жалтарған. Осыған байланысты қызметкерлер оның пробациялық бақылау түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы ұсынысты сотқа жолдаған.

Сот отырысы барысында өзін жайсыз сезінетінін алға тартқан сотталған істі кейінге қалдыруды сұраған. Сот оның өтінішін қанағаттандырғанымен, осы уақытты пайдаланған азамат ізін суытып, бой тасалап кеткен.

Алғашқы іздестіру шаралары нәтиже бермегендіктен, ол ресми түрде іздеуге жарияланып, жазаны өтеу мерзімінің есебі тоқтатылды. Тіпті осы аралықта әкесі қайтыс болғанына қарамастан, жерлеу рәсіміне келмей, жасырынуын жалғастырған.

Іс цифрлық пробация жүйесінің көмегімен алға жылжыды. Іздеуде жүрген азаматтың ұялы телефонынан жасалған қоңырау арнайы бақылау жүйесінде тіркеліп, оның жүрген жерін нақтылауға мүмкіндік берді. Осы мәлімет негізінде пробация және полиция қызметкерлері көрсетілген мекенжайға дереу аттанды.

Қашып кету мүмкіндігін болдырмау үшін құқық қорғау органдары үйге бір мезгілде негізгі және қосалқы кіреберіс арқылы кірген. Сол сәтте іздеуде жүрген азамат анасының үйінде тамақтанып отырыпты. Ол оқиға орнында ұсталып, уақытша ұстау изоляторына жеткізілді.

Енді сот оның пробациялық бақылау түріндегі жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру мәселесін қарайды.

Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ресми өкілі Салтанат Ожиканованың айтуынша, пробациялық бақылау – сотталған адамға қоғамнан оқшауланбай түзелуге берілетін заңды мүмкіндік. Алайда бұл сенім заң талаптарын қатаң сақтаған жағдайда ғана сақталады.

– Пробациялық бақылау – сотталған адамның қалыпты өмір сүре отырып, түзелуіне берілген мүмкіндік. Егер ол бақылаудан жалтарып, заң талаптарын бірнеше рет бұзса, мұндай мүмкіндік жойылады. Қазіргі цифрлық технологиялар пробация қызметінің тиімділігін арттырып, іздеуде жүрген азаматтардың орналасқан жерін жедел анықтауға жағдай жасап отыр. Ал полициямен бірлескен жұмыс сот шешімдерінің толық орындалуын қамтамасыз етеді, – деді ол.

Бұл оқиға құқық қорғау саласында цифрлық технологиялардың рөлі жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді. Заманауи бақылау жүйелері сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, заң талаптарын орындаудан жалтарған азаматтарды анықтаудың тиімді құралына айналып отыр.

#ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

Титан ұрлығына қатысқан күдікті ұсталды

depositphotos.com

Заң алдындағы жауапкершіліктен қашу – уақытша ғана мүмкіндік. Арада қанша жыл өтсе де, қылмыстың ізі жоғалмайды. Облысымызда он жыл бұрын жасалған ірі ұрлыққа қатысты іздеуде жүрген соңғы күдіктінің қолға түсуі – осы сөзіміздің тағы бір дәлелі.



Өскемен қалалық полиция басқармасының криминалдық полиция қызметкерлері Алматы қаласында 63 жастағы ер адамды ұстады. Ол 2015 жылы кәсіпорындардың бірінен аса ірі көлемдегі титан құймасын ұрлауға қатысы бар тұлғалардың бірі ретінде халықаралық іздеуде болған.

Аталған қылмыс он жыл бұрын жасалған еді. Сол кезде кәсіпорын жұмысшылары қызметтік жағдайын пайдаланып, қымбат бағаланатын шикізатты заңсыз иемдену жоспарын құрған. Қылмыстық әрекеттің нысаны – салмағы 9370 келі болатын титан құймасы. Оның сол кездегі құны 31 миллион теңгеден асатын.

Ұрлықты жүзеге асыру үшін күдіктілер кәсіпорынның күзет қызметкерлерімен келісіп, көп тонналық жүкті бақылау-өткізу пункті арқылы сыртқа шығарған. Қылмысты жасыру мақсатында олар құйманы автокөлік кузовына тиеп, үстін матамен жауып, оның сыртын технологиялық және тұрмыстық қалдықтармен бүркемелеген. Кейін ұрланған металл басқа адамдарға сатылған.

Тергеу барысында полиция қызметкерлері қылмыстық схеманың барлық қатысушыларын анықтайды. Ұрланған мүлік табылып, тәркіленеді. Қылмысқа қатысы бар азаматтар заң алдында жауап береді. Алайда олардың біреуі ізін жасырып, ұзақ уақыт бойы құқық қорғау органдарынан бой тасалап жүрген.

Осы жылдар ішінде криминалдық полиция қызметкерлері күдіктіні іздеу жұмыстарын тоқтатқан емес. Оның болуы мүмкін орындары, байланыстары және жедел ақпараттардың барлығы мұқият тексеріліп отырды. Кәсіби іздестіру шараларының нәтижесінде күдіктінің Алматы қаласында жүрген жері анықталды.

Қазіргі уақытта 63 жастағы ер адам уақытша ұстау изоляторына қамалды. Оған қатысты процессуалдық шешімдер заң талаптарына сәйкес қабылданады.

Бұл оқиға қылмыс жасаған адам жауапкершіліктен құтыла алмайтынын көрсетеді. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, жылдар өткеніне қарамастан, іздеуде жүрген тұлғаларды анықтау бағытындағы жұмыстар жалғаса береді. «Заң және тәртіп» қағидаты – қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздіктің басты кепілі. Заңнан жалтарған әр адам түптің-түбінде әділ жазасын алады.

Бетті әзірлеген – Ержан ӘБІШ

#ОҚУШЫ ЖАЗЫ

Қауіпсіздік сабағы: *лагерьдегі балалар нені үйренді?*

ШҚО төтенше жағдайлар департаменті

Жазғы демалыс – балалар үшін жаңа әсер мен қызықты оқиғаларға толы кезең. Алайда осы мезгілде қауіпсіздік талаптарын сақтау бұрынғыдан да өзекті. Сондықтан өскелең ұрпақтың төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік сабақтардың маңызы зор. Осы мақсатта облысымыздағы «Дарын» сауықтыру лагерінде құтқарушылардың қатысуымен «Қауіпсіздік күні» ұйымдастырылды.



Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары балаларға қауіпті жағдай кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін жан-жақты түсіндіріп қана қоймай, олардың іс жүзінде орындалу жолдарын көрсетті. Демалушылар арнайы әзірленген кедергілер жолағынан өтіп, құтқару құралдарының қызметімен танысты, шартты өртті сөндіруге қатысты.

Мұндай сабақтардың ерекшелігі – теория мен тәжірибенің ұштасуында. Бала қауіпсіздік қағидаларын жай ғана тыңдап қоймай, оны өз қолымен орындағанда ғана қажетті дағды қалыптасады. Төтенше жағдай туындаған сәтте дұрыс шешім қабылдау көбіне осындай жаттығулардың нәтижесіне байланысты.

Іс-шараның ең әсерлі бөлігі төрт аяқты құтқарушылармен кездесу болды. Арнайы үйретілген иттердің іздестіру-құтқару жұмыстарындағы рөлі, олардың адам өмірін арашалаудағы мүмкіндігі балалардың қызығушылығын оятты. Құтқарушылар жануарлардың кәсіби даярлығы мен олардың түрлі апат кезінде атқаратын қызметі туралы айтып берді.

Кездесу барысында мамандар жазғы демалыс кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптарына ерекше тоқталды. Балаларға тек арнайы жабдықталған жағажайларда және міндетті түрде ересектердің бақылауымен шомылу қажеттігі ескертілді. Сондай-ақ шырпымен ойнаудың, құрғақ шөпті өртеудің және отпен абайсыз әрекет етудің салдары жан-жақты түсіндірілді. Қызықты форматта өткен викторина барысында оқушылар қауіпсіздікке қатысты сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін сынады.

Қазіргі кезде балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру – тек ата-ананың немесе мектептің ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе жазғы демалыс кезінде мұндай профилактикалық шаралардың жүйелі ұйымдастырылуы қайғылы оқиғалардың алдын алуға ықпал етеді. Өйткені қауіпсіздік ережесін ерте жастан меңгерген бала кез келген жағдайда өз өмірін де, өзгелердің өмірін де сақтаудың маңызын терең түсінеді.

#МЕДИЦИНА

Әр минут қымбат болған кезде...

ШҚО төтенше жағдайлар департаменті

Жаңа туған сәбидің өмірі қыл үстінде тұрған сәтте уақытпен санаспай әрекет ету – құтқару қызметінің басты қағидасы. Осындай жауапты міндеттердің бірі облысымызда орын алып, «Қазавиақұтқару» авиабөлімінің экипажы нәрестені шұғыл түрде Өскемен қаласына жеткізді.



Шұғыл медициналық эвакуация үшін тікұшақ Шемонаиха ауданына аттанды. Әуе кемесін тәжірибелі ұшқыштар Сергей Пинигин, Олег Алфеев және Айдар Мамырханов басқарды. Олардың үйлесімді әрі кәсіби әрекетінің арқасында жаңа туған сәби облыс орталығындағы мамандандырылған медициналық мекемеге жедел жеткізілді.

Ұшу барысында кішкентай науқастың жағдайы бір сәт те назардан тыс қалған жоқ. Санитариялық авиация дәрігерлері Ботагөз Ақашева мен Бек Асаубаев барлық өмірлік көрсеткіштерді тұрақты бақылап, қажетті медициналық көмекті үздіксіз көрсетіп отырды. Мұндай жағдайда әуедегі әр минут пен әрбір дұрыс қабылданған шешімнің маңызы зор.

Мамандардың үйлесімді жұмысы нәтижесінде рейс сәтті аяқталды. Бұл – ұшқыштар мен медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен жедел әрекетінің жемісі.

Санитариялық авиация – шалғайдағы елді мекен тұрғындары үшін маңызды қызмет. Әсіресе жаңа туған нәрестелер мен ауыр халдегі науқастарға дер кезінде жоғары деңгейдегі медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін мұндай рейстердің мәні зор. Қиын сәтте көкке көтерілген тікұшақ адам өмірін сақтап қалуға қызмет етеді.

#МАМАНДЫҚ

Катана – құтқарушылардың төрт аяқты көмекшісі

ШҚО төтенше жағдайлар департаменті

Төтенше жағдай кезінде адам өмірін сақтап қалуда кәсіби құтқарушылармен қатар қызметтік иттердің де еңбегі ерекше. Үйінді астынан, қалың орманнан немесе таулы аймақтан адамды табу қажет болғанда олардың сезімталдығы мен үйретілген қабілеті талай рет шешуші рөл атқарып келеді. Осындай жауапты міндетті ширек ғасырға жуық уақыт бойы абыроймен атқарып келе жатқан мамандардың бірі – төтенше жағдайлар департаменті жедел-құтқару жасағының кинологы Алексей Гордеев.



Ол кинология саласына кездейсоқ келген жоқ. Өзінің айтуынша, бұл мамандыққа деген қызығушылығы әскерде жүрген кезінде оянған. Содан бері 25 жылдан астам уақытын қызметтік иттерді баптауға, үйретуге және олармен бірге іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге арнап келеді.

Кинологтың айтуына қарағанда, нағыз құтқарушы итті дайындау күшік кезінен басталады. Әуелі ол адамдармен және қоршаған ортамен еркін қарымқатынас жасауға бейімделеді. Кейін біртіндеп бұйрықтарды орындауға, түрлі кедергілерден өтуге, төзімділік пенептілікке машықтанады. Осы кезеңдерден өткеннен кейін ғана іздестіру жұмыстарына бейімдеу басталады.

Мұндай дайындықтың нәтижесі төтенше жағдайда айқын көрінеді. Егер орманда, далада немесе тауда адам жоғалып кетсе, оның жеке затының иісі арқылы қызметтік ит ізге түсіп, жоғалған адамды табуға көмектеседі. Бұл іздеу жұмыстарын едәуір жеделдетіп, адамды аман алып қалу мүмкіндігін бірнеше есе арттырады.

– Мықты кинолог болу үшін ең алдымен жануарларды шынайы жақсы көру қажет. Әр итті күшік кезінен бастап тәрбиелеймін. Оған тек тәжірибемді емес, жанымды да арнаймын. Кинологтың қызметі – жай ғана жұмыс емес, бұл – миссия. Сен адамды іздеуге міндетің болғандықтан емес, оның өмірі үшін жауапкершілікті сезінгендіктен шығасың. Ал қасыңда сені әрдайым үнсіз түсінетін сенімді серігің жүреді, – дейді Алексей Гордеев.

Қазір ол Катана есімді голланд овчаркасымен жұмыс істейді. Бір жарым жылдан бері бұл жұп күн сайын жаттығып, іздестіру тапсырмаларына қатысып келеді. Үйлесімді дайындық пен өзара сенім олардың басты артықшылығы саналады.

Кинолог мамандығы көпқырлы кәсіп деуге болады. Мұндай маман иттің тәлімгері ғана емес, оның мінез-құлқын терең түсінетін психолог, қажет кезде ветеринар, иіс ізін зерттейтін одоролог әрі тәжірибелі із кесуші болуға тиіс. Сондықтан бұл сала үздіксіз ізденісті, шыдамдылықты және жауапкершілікті талап етеді.

Бүгінде төтенше жағдайлар департаменті қатарында түрлі тұқымдағы қызметтік иттер бар. Дегенмен іздестіру-құтқару жұмыстарына көбіне неміс және голланд овчаркалары мен лабрадорлар тартылады. Олар адамдармен тез тіл табысады, физикалық тұрғыдан төзімді әрі күрделі жағдайда жұмыс істеуге бейім.

Қызметтік иттердің маңызы әсіресе табиғи апаттар кезінде айқын сезіледі. Үйінді астында қалғандарды, қар көшкінінде немесе орманда жоғалған адамдарды іздеуде олардың иіс сезуі мен табиғи түйсігі құтқару операциясының тиімділігін арттырады.

#ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕС

Өрт сөндірушілердің батыл әрекеті қызыл жалынды тоқтатты

ШҚО төтенше жағдайлар департаменті

Өскемендегі өндірістік химиялық заттар сақталған қоймада шыққан өрт құтқарушылардың жедел әрі үйлесімді іс-қимылы арқасында дереу оқшауланып, толықтай сөндірілді. Мамандардың кәсіби шеберлігі тілсіз жаудың көршілес нысандарға таралуына мүмкіндік бермеді.



Оқиға Айналма тасжол ауданында болған. Өрт сөндірушілер шақырту түсе салысымен оқиға орнына жедел жеткен. Сол сәтте қоймада ашық жалын байқалып, қою қара түтін айналаны басқан болатын. Өрт сөндірушілер бірден бірнеше бағытта жұмыс жүргізіп, жалынды оқшаулауға және түтінді азайтуға күш салды.

– Өндірістік химиялық заттар сақталған нысандардағы өрт әрдайым жоғары қауіп санатына жатады. Себебі мұндай ғимараттарда өрттің қарқынды таралуына әсер ететін жанғыш материалдар көп. Соған қарамастан құтқарушылардың нақты ұйымдастырылған жұмысы нәтижесінде өрт шағын аумақта тоқтатылып, оның көршілес қоймаларға таралу қаупі толықтай жойылды, – дейді төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру қызметінің жедел кезекшісі Мерей Шәріпханов.

Абырой болғанда, оқиға салдарынан зардап шеккендер жоқ. Қазіргі уақытта өрттің шығу себебі анықталып жатыр.

Бетті әзірлеген –
Ержан ӘБІШ

#ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ – 110

АБАЙДЫҢ МҰРАСЫН ТАНЫТҚАН ҒАЛЫМ

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 30 қыркүйегінде Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Қайым Мұхамедхановтың құрметіне қойылған «Ұстаз бен шәкірт» атты еңселі ескерткіштің шымылдығын өз қолымен ашқанына Алты Алаштың халқы тұтас куә болғаны белгілі. Ал бүкіл халыққа құрметті болған Қайым Мұхамедханов кім еді?

Қайым (Ғабдұлқайым) Мұхамедханұлы 1916 жылдың 5-қаңтарында Семей қаласында Ертістің сол жағалауындағы «Заречная слободка» қазіргі Жаңа Семейде дүниеге келген. (30.06.2004) – ғалым, абайтануды ғылыми негіздеуші, шәкәрімтанудың негізін қалаушы, текстолог, Семейде тұңғыш Абай мұражайын ұйымдастырушы, ұстаз, ақын, жазушы, драматург, әдеби аудармашы, қоғам қайраткері.

Қазақ ССР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі, Семей, Аягөз қаласының, Жаңасемей, Абай аудандарының Құрметті азаматы, 1000-нан аса ғылыми еңбектің авторы. Айта берсек, әлі де біраз еңбектері мен марапаттары толып жатыр.

Қайымның әкесі – Мұхамедхан Сейтқұлов (1870-1937) – аса мейірімді, білімді, жомарт, алашордашы, ислам уағызшысы болған адам екен. Оның қазақ мәдениетінің белгілі қайраткерлерін қалыптастыру жолындағы еңбегі ерен. Сейтқұлов XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың алғашқы үш онжылдығында қазақ халқының рухани дамуына ерекше ықпал еткен, көптеген қолжазбалар мен тарихи өлең-жырларды жинақтаушы және мәдени мұраны сақтаушы. Мұхаметхан Сейтқұлов 1937 жылдың 2 желтоқсаны күні түнде атылып, кейін ақталған.

Немересі Дина Қайымқызының айтуынша, атасы М.Сейтқұловтың үйінде Абай мен Шәкәрім, Абайдың шәкірттері, белгілі мәдениет қайраткерлері, жазушылар мен баспагерлер жиі бас қосқан.

– Үйдің үлкен залының бір бөлігін мазмұнға бай кітапхана алып тұратын, мұнда көптілді әлем классикасы, жаздырып алынған және әр жерден әкелінген сол заманның газет-журналдары болған, – дейді немересі.

Қайымның әкесі қазақ, орыс, татар, араб тілдерінде оқитын және аса жомарт жан болыпты. Ол кісінің қаржыландыруымен сол кездегі «Сары-Арқа» газеті, 1918 жылдан бастап Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтың редакциясымен «Абай» журналы шығарылыпты.

Әлихан Бөкейханов Семейдің сол жағалауында өткен жиында қалаға бастапқы «Алаш» атауын қайтару туралы мәселе көтерген кезде, Сейтқұлов оған қолдау беріп, қалаға «Алаш» атауын қайтаруды нақтылы дәлелдермен қорғаған көрінеді. Айта берсе, осындай заманалар мен дәстүр жалғастығының мысалдары аз емес.


М.Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатова әкелерінің дос болғанын еске алады. 1911 жылы Сейтқұлов Міржақып Дулатовты кепілдік салып, тұтқыннан босатады. Ал Шәкәрімнің белгілі фотосуреті Сейтқұловтың үйіне келген кезде түсірілген. Сонымен бірге, Сейтқұлов Шәкәрімнің де қамаудан босап шығуына көмектеседі.

Қайым әкесінің ақын-жазушы, өнер адамдарымен жақын байланысын бала күнінен көріп өседі. Алаш зиялылары Семейдегі Сейтқұловтың үйін бас қосатын орын ретінде таңдайды. Алты жастағы Қайым әкесінің үйінде алғаш рет М.Әуезовті көреді. Ол мұнда жиі қонақта болған екен.

АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ

Мұхамедхан Сейтқұлов 1921, 1928, 1932 және 1937 ж.ж. қуғын-сүргінге және тәркілеуге ұшырайды. Оның үлкен ұлы Қайымға отбасын асырау үшін 15 жастан бастап көп жұмыс істеуге тура келеді. Ол кемежайда жүк тасушы, жұмысшы, кадр бөлімі қызметкері, мәдениет қызметкері, мұғалімдік қызмет атқарады. 17 жастан бастап Семей қаласының әртүрлі мекемелерінде сабақ бере бастайды. Үздік педагог-тәлімгер өмірінің 60 жылдан астамын жастарды тәрбиелеуге және білім нәрін беру ісіне арнайды.

Әкесі тұтқындалғаннан кейін Қайым Педагогикалық институттан қуылады. Сол кезде жасөспірім жігітке әкесінің досы Мұхтар Әуезов моральдық тұрғыда қолдау береді. Ол Қайым үшін ғұмыр бойы тәлімгер және ұстаз болып қалды. Шәкірт ұстазына өмірінің соңына дейін адал болды. Адамдарды жақсы танитын М.Әуезов Қайымның бойынан ерекше дарын, имандылық пен адалдықты байқайды. М.Әуезов Қайымды Абай туралы роман-эпопея жазу барысында түрлі тапсырма орындайтын



ғылыми тілші етіп алады. Ол бұл кезде Алматыда еді, ал нақтылайтын жағдайлар тек шалғай ауылдардағы ақсақалдармен әңгіме кезінде, мұрағаттарда, түрлі қалаларға хат жазып, хабар алмасу арқылы ғана нақтыланатын.

1930-жылдардың аяғында Абай мұрасына, сондай-ақ, оның шәкірттері мен ізбасарларына жойылып кету қаупі туады. Абай сөздері жөн-жосықсыз бұрмаланып, шығармалары ғылыми тұрғыда зерттелмей, қолжазбалары мен жеке заттары жоғалып, өмірінің куәгері болған қариялар да азаяды.

Бұл үрдіске алаңдаған М.Әуезов қазақ мәдениетінің елеулі бөлігін сақтауға бағытталған: «Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалау», «Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және сақтау», «Ойшыл ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу» секілді бірқатар тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға аманат етіп тапсырады.

Қайым жүк көлігімен шалғай ауылдарға айлап сапар шеге жүріп, Абайды көзі көрген қариялармен, өмірі мен шығармашылығынан хабардар адамдармен әңгімелесіп, тұрмыстық заттардың, киімдер мен кітаптардың, Абай қолжазбаларының шынайылығын нақтылайды.

Осындай жанкешті еңбек пен бейнеттің арқасында Қайым Мұхамедханов 1940 жылы Семей қаласында тұңғыш Мемлекеттік әдеби-мемориалды Абай мұражайын ұйымдастыруға өлшеусіз еңбек сіңіреді.

Осылайша, Қ.Мұхамедханов ұстаз аманатын адал орындап, Семей қаласында 500 жәдігер нақтыланып, барлық жәдігерлерге ғылыми сипаттама беріліп, мұражай бойынша толық «Жолбасшы» құрал жазылады. Мұндай негіздемесіз мұражайдың құрылмасы анық еді.

Қызметін мұражайда аға ғылыми қызметкер болып бастаған Қайым, жоғары оқу орнында сабақ беруін де жалғастырады. Ал, 1947 жылы мұражай ҚазССР-і Ғылым Академиясы қарамағына өткізілген кезде және ғылыми қызметті сақтап қалу мақсатында, Академия Президенті Қ.Сәтпаевтың бұйрығымен ол мұражай директоры болып тағайындалып, 1951 жылғы репрессияға дейін басшылық етеді.

АЗАПТАУҒА СЫНБАҒАН ҚАЙСАР ҚАЗАҚ

«Абайдың әдеби мектебі» диссертациясын (1951 жылы 7 сәуір) қорғау еліміздің тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болды. Диссертация қорғалды, бірақ ұстаз бен шәкірт – Әуезов пен Мұхамедхановты айыптау тоқтамады.

Диссертацияны қорғау кезінде басталған айыптаулар, абайтану барысын талқылауда, сондай-ақ, жыл бойы (1951 жыл) баспасөзде тапсырыс бойынша жазылған мақалалармен жалғасын табады. Мұның соңы Мұхамедхановты Абай мұражайы директоры және оқытушы қызметінен босатумен аяқталып, соңынан Қ.Мұхамедханов 1951 жылы 1 желтоқсанда тұтқынға алынады.

Ол Семей және Алматы қаласындағы НКВД түрмесіне, одан Қарағанды лагеріне қамауға алынады. Алайда, түрмедегі шектен шыққан азаптаулар – ыстық және суық камера, тырнақ астына ине жүгірту, басқа тамшылатып су тамызу, моральдық қысым және өлім жазасымен қорқыту Қайымның ерік-жігерін сындыра алмады.

Ол «Абай мектебі бар!» деп жауап берді. Ғалым ғылыми идеяларынан да бас тартпады. Осылайша, қазір халық мақтанышына айналған Абай мектебін сақтап қалды. Дегенмен, сол кезде Абай шәкірттері буржуазияшыл ұлтшылдар қатарына жатқызылды да, тек бір идеология – марксизм-ленинизм мектебі мойындалды.

Біз қазір, өмірімізге қауіп төнбеген тыныш заманда шындық үшін күресе аламыз ба? Ал, сол бір қиын кезеңде ғалым-азаматтың адамгершілігі мен жауапкершілігі маңызды құндылықтарды сақтап қалды. Сол арқылы біз бүгінгі таңда халық атымызды сақтадық.

Ұстаз тапсырмасын бұлжытпай орындауды алдына мақсат әрі шәкірттік парыз етіп қойған 24 жасар Қайым 1940 жылдардан бастап өмірінің соңына дейін Абай шығармаларының текстологиясымен айналысты. Ол Абайдың барлық өлеңдері мен поэмаларына түсініктеме жазды. Сонымен ойшыл-ақынның ерекше сөздерінің тазалығын сақтады. Бұдан бөлек, ол Абайдың 31 өлеңін нақтылап, ақынға тиесілі екендігін анықтады. Өйткені олар бұрын «жоғалған немесе жаңсақ аударылған» деп саналып келген еді.

БАҚЫТ ДЕГЕН – ҚОРЫҚПАЙ ӨМІР СҮРУ

Негізі, Қайымның өзі де мықты ақын болған. Оның алғашқы өлеңдері жасөспірім кезінде жазылып, 1936 жылдан бастап баспасөзде жариялана бастайды. Өз өмірінде ол 100-ден аса өлеңдер мен поэмалар жазған. Сондай-ақ, Ғ.Тоқай, Т.Шевченко т.б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

Қайым Шәкәрімнің де текстологы болды, сондай-ақ, ақын үшін күресті. Шәкәрімнің ұлы Ахатпен бірге ақынның есімін ақтауда бар күш-жігерін аямады.

1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келгеннен кейін, отыз жыл бойы Шәкәрім шығармашылығын ақтап алу үшін және ақынның құнды сөздерінің тазалығын сақтап қалу үшін қажымай-талмай күресті.

Қайым 1940 жылдың басында көптеген қолжазбаларды анықтап, өңдеп ҚазССР-і ҒА мұрағатына сақтауға өткізген. Соның ішінде «Әріп», «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», Абай мен Шәкәрімнің белгісіз өлеңдері, батырлар, Алаш зиялылары туралы материалдар және т.б. мәдени құндылықтар болған.

Бұл жұмысты ол ғұмыр бойы жүргізді және әке мен бала – Мұхамедхан Сейтқұлов пен Қайым Мұхамедханов XIX ғасырдан XXI ғ. дейінгі үш жүзжылдыққа созылған заманның рухани байланысын сақтап қалған жанкешті жандар.

P.S. Қайымның өмірдің қандай да бір қиын кезеңдерінде айтқан ойлары мен әрекеті соңындағы ұрпақ үшін моральдық ұстанымға және жалпыадамзаттық құндылықтар өлшеуішіне айналды.

«Өзекті жанға бір өлім. Мен сол кезде: «Өлсем – Алаш азаматтарынан жаным артық емес...!» – деп ойладым.

(1951 ж. НКВД азабы туралы естелік).

«Жалған сөйлегенше, өлген артық. Жалған сөзден кейін, қалай өмір сүруге болады...?!»

(Жеке қолжазбасынан).

«Менде кек қайтару сезімі жоқ, бірақ менің азап пен запа шеккен ар-намысым, Сіздің құзырыңызға жоғарыда айтылған жайларды жеткізеді ...»

(Карлаг бастығына жазылған хаттан).

«Ақ ниетпен тілеген ақ тілеуім қабыл болып, туған жер, өскен еліме аман-есен оралатыныма сенемін...»

(Балаларына жазған хаттан).

«... бір ауыз өтірік айтудан, алдаудан аулақ жүріңдер. Тәртіпті, тәрбиелі, байыпты адам болыңдар...»

(Балаларына өсиет).

«Абайды танып білген, сондай-ақ, Абай өнегесімен сусындаған адамға, өмірдің тауқыметін жеңіп шығу жеңілірек болмақ... »

(Жеке қолжазбасынан).

«Бақыт дегеніміз – еркіндік, адал сөйлеу және ештеңеден қорықпай өмір сүру. Тек осылайша өмір сүру керек! Мұның адам өміріндегі маңызы зор»

(Бұл Қайымның өмірлік ұстанымы).

Адамзаттың ойшылы, кемеңгер Абай бір өлеңінде:

– Білгенге маржан,

Білмеске арзан, – деген екен.

Қайым да – білгенге маржан. Қайым – қазақ ұлтына, оның болашақ ұрпағына қайтпас қайсарлық пен өз ұлтын көзсіз сүйе білудің үлгі-өнегесі (символы) болып қала бермек.

#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Сот 3,6 млн теңгеден астам қаражатты өндірді

Шығыс Қазақстан облысында Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жосықсыз қызмет көрсетушіден зардап шеккен тұтынушылар үшін келтірілген залалды және өсімақыны сот арқылы әділ өндіріп алуға қол жеткізді.

Өңір тұрғындары жеке кәсіпкермен дұрыс тамақтану рациондарын жеткізуге шарт жасасқан. Тұтынушылар қызмет ақысын толық төлеген. Алайда, кәсіпкер өзіне алған міндеттемелерді орындамаған. Тамақ жеткізу тоқтатылып, клиенттер аударған қаражат қайтарылмаған.

Мәселені кәсіпкермен тікелей шешу мүмкін емес екенін түсінген тұтынушылар мемлекеттік органға көмек сұрап жүгінді.

Азаматтардың бұқаралық өтініштерін алғаннан кейін «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда департаменті» РММ тұтынушылардың құқықтарын қорғауға шықты.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11 және 13-баптарына сәйкес, тұтынушы тауардың (жұмыстың, қызметтің) тиісті сапасына, тауарды (жұмысты, қызметті) пайдаланудың, сақтаудың, тасымалдаудың және кәдеге жаратудың белгіленген шарттарында оның тұтынушының өмірі, денсаулығы және (немесе) мүлкі, қоршаған орта үшін қауіпсіз болуына құқылы.

Заңның 15-бабына сәйкес, тиісті емес сападағы қызметтер көрсетілген тұтынушы, егер оның кемшіліктері орындаушы тарапынан ескерілмеген болса, өз таңдауы бойынша шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

Дауды талап қою тәртібімен реттеу нәтиже еш бермеді. Тұтынушылардың жеке кәсіпкерге жасаған өтініштері, сондай-ақ Департаменттің кәсіпкерлік субъектісіне жолдаған сотқа дейінгі шағым-талабы назар аударусыз және қанағаттандырусыз қалды.

Заңның 5-бабының 8-тармағына сәйкес, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган бірдей мәселе бойынша оннан астам тұтынушының құқықтары бұзылған жағдайда белгіленбеген тұтынушылар тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді.

Осыған байланысты, Департамент өзінің заңнамалық құқығын пайдаланып, 21 тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Өскемен қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына ұжымдық талап арыз жолдады.

2026 жылғы 16 шілдеде Өскемен қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Департаменттің талап арыз талаптарын қанағаттандыру туралы шешім шығарды. Сот жеке кәсіпкерді зардап шеккен азаматтарға көрсетілмеген қызметтер үшін 3 055 138 теңге мөлшеріндегі негізгі материалдық залал сомасын, сондай-ақ талаптарды орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін 611 028 теңге өсімақы төлеуге міндеттеді.

Осылайша, тұтынушыларға қайтарылуға жататын жалпы сома 3 666 166 теңгені құрады.

А.Троеглазов,
ШҚО бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшының орынбасары

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

18.09.2026 ж. сағат 10:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылы, Абай көшесі, 22 мекенжайында орналасқан Ақбұлақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратында «Қаршыға кен орнының кенін қайта өңдеу жөніндегі қуаттылығы жылына 350 000 т байыту фабрикасының қалдық сақтау орнын қайта жаңарту» жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өтеді.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а/о, Ақбұлақ ауылы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары: 1) 48°30’7.41»С, 85°10’29.31»Ш; 2) 48°30’2.32»С, 85°10’36.12»Ш; 3)°48°29’56.69»С, 85°10’50.72»Ш; 4)°48°29’54.55»С, 85°10’45.39»Ш; 5)°48°29’44.42»С, 85°10’33.03»Ш; 6)°48°29’43.14»С, 85°10’30.09»Ш; 7)°48°29’39.71»С, 85°10’29.55»Ш; 8)°48°29’36.38»С, 85°10’23.91»Ш; 9)°48°29’37.46»С, 85°10’23.06»Ш; 10)°48°29’33.41»С, 85°10’14.27»Ш; 11)°48°29’32.61»С, 85°10’11.10»Ш; 12)°48°29’24.66»С, 85°10’10.66»Ш; 13)°48°29’16.52»С, 85°10’3.62»Ш; 14)°48°29’29.52»С, 85°9’43.46»Ш; 15)°48°29’36.07»С, 85°10’7.18»Ш; 16)°48°29’42.17»С, 85°10’13.17»Ш; 17)°48°29’47.73»С, 85°10’3.64»Ш; 18) 48°29’48.70»С, 85°10’3.49»Ш; 19) 48°29’51.36»С, 85°9’59.31»Ш.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/71657450926?pwd=fxgLGBu9g7OASflfQL75AHiMiG7aa3.1.

Конференция сәйкестендіргіші: 716 5745 0926.

Құпиясөз: 12345.

Бастамашы: «ГРК МЛД» ЖШС (БСН 031040002757). Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі, 071215, Ақбұлақ а., «ГРК МЛД» тау-кен байыту фабрикасы өнеркәсіптік аймағы, 1-ғимарат, телефон 8-7232-20-34-05, e-mail: info@grkmld.kz

Материалдарды әзірлеуші: «ECO-D» ЖШС-і, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тимирязев көшесі, 179, TEY2, телефон 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8(7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің d.babakanova@akimvko.gov.kz поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты eco-d@inbox.ru, aigul.kairgazina@srr.kzэлектронды пошталары және 8-777-148-53-39, 8-777-749-16-16 телефондары арқылы алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

18.09.2026 ж. сағат 11:30-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылы, Абай көшесі, 22 мекенжайында орналасқан Ақбұлақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратында «ГРК МЛД» ЖШС-нің байыту фабрикасы мен қалдық сақтау қоймасы үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша («Қаршыға кен орнының кенін қайта өңдеу жөніндегі қуаттылығы жылына 350 000 т байыту фабрикасының қалдық сақтау орнын қайта жаңарту» жобасы шеңберінде) ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өтеді.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а/о, Ақбұлақ ауылы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары:1) 48°30’7.41»С, 85°10’29.31»Ш; 2) 48°30’2.32»С, 85°10’36.12»Ш; 3)°48°29’56.69»С, 85°10’50.72»Ш; 4)°48°29’54.55»С, 85°10’45.39»Ш; 5)°48°29’44.42»С, 85°10’33.03»Ш; 6)°48°29’43.14»С, 85°10’30.09»Ш; 7)°48°29’39.71»С, 85°10’29.55»Ш; 8)°48°29’36.38»С, 85°10’23.91»Ш; 9)°48°29’37.46»С, 85°10’23.06»Ш; 10)°48°29’33.41»С, 85°10’14.27»Ш; 11)°48°29’32.61»С, 85°10’11.10»Ш; 12)°48°29’24.66»С, 85°10’10.66»Ш; 13)°48°29’16.52»С, 85°10’3.62»Ш; 14)°48°29’29.52»С, 85°9’43.46»Ш; 15)°48°29’36.07»С, 85°10’7.18»Ш; 16)°48°29’42.17»С, 85°10’13.17»Ш; 17)°48°29’47.73»С, 85°10’3.64»Ш; 18) 48°29’48.70»С, 85°10’3.49»Ш; 19) 48°29’51.36»С, 85°9’59.31»Ш.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/73886274533?pwd=wRCYQb0Vqy4GSrZkuip4uBSZvDkYNR.1.

Конференция сәйкестендіргіші: 738 8627 4533.

Құпиясөз: 12345.

Бастамашы: «ГРК МЛД» ЖШС (БСН 031040002757). Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі, 071215, Ақбұлақ а., «ГРК МЛД» тау-кен байыту фабрикасы өнеркәсіптік аймағы, 1-ғимарат, телефон 8-7232-20-34-05, e-mail: info@grkmld.kz

Материалдарды әзірлеуші: «ECO-D» ЖШС-і, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тимирязев көшесі, 179, TEY2, телефон 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8(7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің d.babakanova@akimvko.gov.kz поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты eco-d@inbox.ru, aigul.kairgazina@srr.kzэлектронды пошталары және 8-777-148-53-39, 8-777-749-16-16 телефондары арқылы алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары.

2. Әсер ету аумағы: ҚР, ШҚО, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы. Координатталары: т.1 - 49°53’53.05»С 82°42’47.29»В; т.2 – 49°53’52.00»С 82°42’45.53»В.

3. Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 17 қыркүйекте сағат 09:30-де** Өскемен қ., Шлюзная к., 14, Акт залында өтеді.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі: https://us05web.zoom.us/j/83641836216?pwd=EASFc5h4jgiTuzF8MLjpOcSD4yAN8C.1

Конференцияны сәйкестендіруші: 836 4183 6216.

Қолжетімдік коды: NBHV0W

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақстан су жолдары» РМКҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік орамы, № 4/1 ғимарат. E-mail: ekolog-gts@vkpvp.kz

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/,сондай-ақ ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Қазақстан су жолдары» РМКҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік кварталы, № 4/1 үй. Электрондық пошта: ekolog-gts@vkpvp.kz., «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық-d.babakanova@akimvko.gov.kz; пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, К.Керімбаев көшесі, 19. Телефон 8(7232) 25-73-20.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Бентон» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында орналасқан Таған кен орнындағы бентонитті саздарды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына» әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде **қоғамдық тыңдаулардың** өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 27.08.2026 ж. бастап 03.09.2026 ж. дейін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің https://ndbecology.gov.kz/ сайтында өтеді. Осы сайтта жобалық құжаттамамен де танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар 2026 жылғы 27 тамыздан бастап жобалық құжаттама жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «Бентон» ЖШС (БСН 030740004924). Мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 48-үй, 21-пәтер, тел.: 8 702 776 63 33, e-mail: ofis.rabochiy@bk.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «GEO VOSTOK» ЖШС, БСН 211040015757. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазыбек би даңғылы, 18-25, тел.: 8 (778) 778-09-17, e-mail: baysu.too@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7232) 25-70-82.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕСТІРІЛУДЕ

■ **Караев Арман Муратович** (туған жылы 29.11.1980) 28.07.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 28.01.2027 жылға дейін нотариус Н.Н.Нұрсадықовқа ШҚО, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Ибежанов көшесі, 16 үй мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8-701-594-25-99.

■ **Бухарбаев Кайсария Абишевич** (туған жылы 15.06.1936), 05.03.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 05.09.2026 жылға дейін нотариус Ж.Б.Нурмухамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қ.Қайсенов кенті, З.Ахметов көшесі, №3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Геологическая көшесі, №6/1 үй, №37 пәтер мекенжайында тұрған **Файзрахманов Серік Файзолдаұлы** 22.06.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап нотариус Р.К.Нуралыноваға ШҚО, Өскемен қаласы, А.Чехов көшесі, №56 үй мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

«ALTAI-NEWS» МЕДИА-ОРТАЛЫҒЫ

«DIDAR» ГАЗЕТІНІҢ


PDF-НҰСҚАСЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ!

Электронды нұсқаны өз e-mail поштаңызға алу үшін бірнеше қарапайым қадам жасау қажет:

1) QR-кодты сканерлеңіз немесе интернет-браузер арқылы www.didargazeti.kz сайтына өтіңіз.

2) didargazeti.kz сайтындағы «Газетке жазылу» бөліміне кіріп, ұсынылған үш нұсқаның бірін таңдаңыз:

12 АЙҒА, 6 АЙҒА, 3 АЙҒА



3) **«СЕБЕТКЕ ҚОСУ»** батырмасын басыңыз.

4) Тауар себетке қосылғаннан кейін **«ТАПСЫРЫСТЫ РӘСІМДЕУГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз.

5) Бос жолдарға өз деректеріңізді енгізіп, **«ТӨЛЕМГЕ ӨТУ»** батырмасын басыңыз. Жазылым ақысы сіз көрсеткен банк картасының нөмірінен автоматты түрде алынады.

Жазылым рәсімделгеннен кейін көрсетілген электронды поштаға газеттің жақын арадағы саны ғана емес, сонымен қатар ағымдағы айдағы барлық алдыңғы сандары да жіберіледі.

Егер сіз тек соңғы нөмірін сатып алғыңыз келсе, didargazeti.kz сайтының басты бетінде **«PDF ЭЛЕКТРОНДЫ ГАЗЕТ»** батырмасын басып, ұсынылған нұсқалардың бірін таңдаңыз.

Егер сіз электрондық нұсқамен бірге газеттің қағаз нұсқасын да алғыңыз келсе, тапсырыс рәсімдеу кезінде пошта мекенжайыңызды, тегіңізді көрсетіп, «**ТАПСЫРЫСЫҢЫЗҒА ЕСКЕРТПЕ ҚОСЫҢЫЗ**» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеге «Қағаз нұсқаны менің пошта мекенжайыма жеткізу» деп жазыңыз.



	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай , теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

Жұлдыз-жорамал (17 – 23 тамыз)

ТОҚТЫ *Тоқтылар үшін жаңа бастамаларға жол ашатын кезең болмақ. Бұрын кейінге қалдырған жоспарларды қолға алуға мүмкіндік туады. Жұмыс барысында белсенділігіңізді байқатқан сайын жаңа ұсыныстар мен пайдалы таныстықтар пайда болуы мүмкін.*

ТОРПАҚ *Бұл апта сабыр мен тұрақтылықты талап етеді. Кейбір істер баяу жүргендей көрінгенімен, нәтижесі көңіл көншітерлік болады. Қызметте жаңа міндеттер жүктелуі мүмкін, бірақ олар тәжірибеңізді арттыруға ықпал етеді.*

ЕГІЗДЕР *Апта қарбалас кездесулер мен жаңа ақпаратқа толы болады. Көптен бері күткен хабар келуі немесе маңызды келіссөздер сәтті аяқталуы мүмкін. Жұмыста шығармашылық ойларыңыз жоғары бағаланып, басшылықтың назарын аударасыз.*

ШАЯН *Бұл аптада ішкі түйсігіңізге көбірек сенгеніңіз дұрыс. Кейбір адамдардың шынайы ниетін түсініп, маңызды шешім қабылдайсыз. Қызметте жинақылық пен жауапкершілік жақсы нәтиже береді. Болашаққа жоспар құрған жөн.*

АРЫСТАН *Апта сізге өз қабілетіңізді толық көрсетуге мүмкіндік береді. Басшылық немесе айналаңыздағы адамдар еңбегіңізді бағалауы ықтимал. Қоғамдық шараларға қатысу немесе жаңа жобаларға қосылу сәтті болады.*

БИКЕШ *Тәртіп пен жоспардың жемісін көретін кезең. Бұрын бастаған ісіңіз аяқталып, оның нәтижесі көңіліңізден шығады. Жұмыс орнында ұсақ қиындықтар кездескенімен, тәжірибеңіз оларды оңай шешуге көмектеседі.*

ТАРАЗЫ *Апта тепе-теңдік пен үйлесімділікті сақтай білуді талап етеді. Қызметте жаңа серіктестік немесе қызықты ұсыныстар туындауы мүмкін. Келіссөздер жүргізуге, маңызды құжаттарға қол қоюға қолайлы уақыт. Қаржыда қосымша табыс көзі пайда болуы ықтимал.*

САРЫШАЯН *Бұл апта сізге маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұрынғы қиындықтардың шешімі табылып, өзіңізге деген сеніміңіз артады. Жұмыста жаңа жауапкершілік жүктелуі мүмкін, бірақ ол болашақ мансаптық өсудің баспалдағы болады.*

МЕРГЕН *Апта саяхат, жаңа әсерлер және қызықты идеялармен есте қалуы мүмкін. Қызметте белсенділігіңіз жоғары бағаланып, жаңа мүмкіндіктер ашылады. Білім алуға қолайлы кезең. Отбасында қуанышты жаңалықтар болуы ықтимал.*

ТАУЕШКІ *Еңбекқорлығыңыздың нәтижесін көрсететін апта болмақ. Жұмыста маңызды жобалар аяқталып, беделіңіз артады. Қаржы мәселесінде жинақ жасауға немесе болашақ инвестицияны ойластыруға қолайлы уақыт. Үлкендердің ақылы сізге пайдалы болады.*

СУҚҰЙҒЫШ *Жаңа адамдармен танысу болашақта маңызды рөл атқаруы мүмкін. Қызметте тың идеяларыңыз жоғары бағаланып, шығармашылық қабілетіңізді көрсетуге мүмкіндік туады. Қаржы мәселесінде ұсақ табыстар көңіл қуантады.*

БАЛЫҚ *Апта тыныш әрі нәтижелі өтеді. Көптен бері ойлаған жоспарларыңызды жүзеге асыруға қолайлы уақыт. Қызметте ұқыптылығыңыздың арқасында маңызды тапсырмалар сеніп тапсырылады. Қаржы мәселесінде артық тәуекелге бармаған дұрыс.*

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«**DIDAR**» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 науыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«**DIDAR**» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
Арсений ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор м.а
Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
(PR) белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Дом печати» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143.

Көлемі 5 баспа табақ.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №33

Altainews MEDIA CENTRE

2000125790822